

# ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!


# Сыр бойы

16 желтоқсан дүйсенбі 2013 жыл №186-187 (18685-18686)

Қызылорда облыстық газеті

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.syrboyi.kz


# ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ЖЕТІ ҚАЗЫНАСЫ

**Жұма күні Елордадағы «Қазақстан» орталық концерт залында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күні мерекесіне арналған салтанатты жиын өтті.**



Нұрсұлтан Назарбаев жиналысқа қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде 1991 жылдың 16 желтоқсанында әлем ұлттары шоқжұлдызында жаңа жұлдыз – Қазақстан Республикасы жарқырап жанғанын атап өтті.

– Бұл күні біз өзіміздің қазақстандық жолға қадам бастық. Біз ұлы миссияны іске асырдық – Тәуелсіздікті алғаш жариялағандар қатарында болдық. Уақыт зымырап өтуде. Егемен Қазақстан дүниеге келгеннен кейінгі оқиғалардың бәрі енді Мәңгіліктің еншісіне кетіп бара жатқан Тарих. Ол уақытты біз қазіргі ұлы жетістіктермен салыстыра отырып бағалаймыз. Бұдан жиырма екі жыл бұрын біз экономиканы көтеруді ғана армандаған едік. Ал биыл Қазақстан әлемнің бәсекеге ең қабілетті 50 елінің қатарына қосылды, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы халқымыз үшін қашан да жеті санының орны ерекше екенін айтты.

– Еліміздің жаңа ғасырдағы жаңа бағдары – «Қазақстан – 2050» стратегиясы да жеті басымдықтан тұрады. Тәуелсіздіктің тартуы ретінде халқымыз күн жетпес жеті қазынаға ие болды. Бірінші қазына – қасиетті де беделді еліміз, Мәңгілік Еліміз. Даудамайсыз шешімін тапқан он төрт мың шақырымнан астам шекарамыз Отанымызды біртұтас елге айналдырды. Көршімен тату, алыспен сыйлас ел болып отырмыз, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті екінші қазынамыз ретінде ел бірлігін атап өтті.

– Біз туған елімізді бейбітшілік бесігіне айналдыра білдік. Елімізде тыныштық арқылы тұрақтылық, татулық арқылы тұтастық салтанат құрды. Бірлік, береке – біздің басты байлығымыз, күн жетпес қазынамыз. Егер тұғырымыз – тыныштық, тірегіміз – тұрақтылық, тілегіміз – татулық болса, онда еліміз тарихтан лайықты орнын алады. Тәуелсіздік халқымызды бейбітшілік пен келісімнің сақтаушысы – Ассамблеяның бірыңғай шаңырағының астына топтастырды. Біздің рухани бірлігіміз – зайырлы мемлекет пен қоғамның басты іргетасы, – деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев үшінші қазынамыз мәдениетіміз бен туған тіліміз болып саналатынына тоқталды.

– Қазір қазақ тілін көрші елдерден өзге Әзербайжан мен Армения, Беларусь, Польша, Мажарстан, Оңтүстік Корея, Германия, Ұлыбритания, АҚШ мемлекеттерінің белді оқу орындарында оқытады. Бұл мемлекеттердің қатары жыл өткен сайын толығуда. Әйгілі Кембридж университетінде қазақ тілі, тарихы мен мәдениеті туралы арнайы пән бар. Тәуелсіздіктің арқасында ұлттық мәдениетіміз қайта жаңғырды. Біз «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырып, кеткенімізді келтірдік, кемдігімізді толтырдық. Біздің өнеріміз бен бай мәдени мұрамыз әлемдік рухани байлықтың бір бөлігіне айналды, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Тәуелсіздігіміздің төртінші қазынасы индустриялық-инновациялық экономика екенін айтты.

– Бүгінде жеріміздің байлығы барша халыққа тиесілі және соған қызмет етеді. Халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша, биыл Қазақстан минералдық ресурстарды басқару жөніндегі әлемдік рейтингте 19-шы орынға көтерілді. Біз жаһандық дағдарыстардан жақсы сабақ алдық. XXI ғасырдағы ұлттың табысты жолының бәрін индустриялық қуат пен инновация анықтайды, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті бесінші қазына ұлттық байлығымыздың түп негізі – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы екенін атап көрсетті.

– Қазақстан және қазақстандықтардың қазіргі жетістіктерінің барлығына біз қажырлы еңбегімізбен жеттік. Еңбек адамды мәртебелі, ал елді ұлы етеді, – деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев алтыншы қазынамыз мемлекеттің қуатын архитектуралық тұрғыдан танытқан Астана болып табылатынын жеткізді.

– Оның жаңа орамдарында, саябақтарында және сәулеткерлік жауһарларында біздің Тәуелсіздігіміздің ұлы тарихы айнадағыдай көрініс тапқан. Сондықтан Астанаға деген сүйіспеншілік – Отанға деген перзенттік сезім. Бұл – жаңа қазақстандық патриотизмнің алтын арқауы, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы жетінші қазына жаһандық жауапкершілік пен барша адамзаттық бастамалар екеніне тоқталды.

Салтанатты жиын соңы мерекелік концертке ұласты, сондай-ақ Қазақстанның Тәуелсіздік күні құрметіне салтанатты қабылдау өтті.

# СЫР ПЕРЗЕНТІ АБЗАЛ ЕРАЛИЕВ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК ЕРІ!



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ № 707

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРЫМЕН НАГРАДТАУ ТУРАЛЫ**
**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-гуманитарлық дамуындағы аса үздік жетістіктері, белсенді қоғамдық қызметі үшін:

жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – **«Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілсін**

**ЕРАЛИЕВ Абзал Жұмашұлы – «Абзал и К» толық серіктестігінің директоры, Қызылорда облысы**

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.НАЗАРБАЕВ.**

*Астана, Ақорда, 2013 жылғы 9 желтоқсан. № 707*



## ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

**Қадірлі жерлестер!**

Сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Әр ұлт, әр халық үшін тәуелсіздіктен артық қасиетті де қымбат ештеңе жоқ. Осыдан 22 жыл бұрын тарихи таңдау жасап, мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаған Қазақстан Республикасы бүгінде беделі биік, құқықтық, дербес демократиялық мемлекет ретінде әлемге танымал. Ынтымақты ұран, татулықты ту еткен бейбіт халқымыздың осынау табысы, еліміздің қарқынды дамуы тұрақты саясат пен ішкі бірліктің арқасы, мемлекетіміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың сарабдал саясатының жемісі.

Осы уақыт аралығында Тәуелсіз Отанымыздың айбыны мен мақтанышына айналған Астана тағы бір мәрте халықаралық үлкен бәсекеде өзінің беделін айшықтады. Бұл талайдан топ жарып «ЕХРО-2017» халықаралық жетістіктер көрмесін өткізу құқығына ие болуы. Шын мәнінде, бұл – біздің бірлігі бекем халқымыздың ерен еңбегінің арқасы, Елбасымыздың әлем алдындағы саяси беделінің көрінісі.

Алашқа ана болған қасиетті мекеніміз – Сыр елі де осы тәуелсіздік жылдарында өрлеу үстінде келеді. Рухы биік, намысы үстем бабаларымыздың ғасырлар бойғы асыл мұраты – азаттықты аялау, тағдыры ортақ тұтас халқымыздың татулығын сақтау болса, біздің асыл мұратымыз осы Тәуелсіздіктің тұғырын баянды етіп сақтау.

**Қадірлі жерлестер!** Баршаңызды Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, бірлік, шаңырақтарыңызға шаттық, бақ-береке тілеймін!

**Құрметпен,**
**Қызылорда облысының әкімі Қырымбек КӨШЕРБАЕВ.**



● СҮЙІНШІ

# АЙМАҚ ЖҰРТШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕК ЕРІН ҚАРСЫ АЛДЫ

**Жексенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев бастаған топ пен Сыр елінің жастары Қорқыт ата әуежайынан Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиевті гүл шоқтарымен күтіп алды.**

Дана жұртымызда «Елдің атын ер шығарады» деген қанатты сөз бар. Ауыл шаруашылығы саласындағы серпінді дамушы компаниялардың бірегейі саналатын «Абзал және Компания» толық серіктестігінің директоры Абзал Ералиев Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Астана қаласында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолынан еліміздің ең жоғары наградасы – Қазақстанның Еңбек Ері атағын алды. Қуанышты хабар елге Сыр ананың абзал ұлынан бұрын жетті. Өйткені мұндай биік марапат азаттықтың самалымен тыныстаған 22 жылдың ішінде қызылордалық кәсіпкерге алғаш рет беріліп отыр. Сондықтан бұл қуаныш Сыр елінің, осындағы жалпақ жұрттың қуанышы.

Жұлдызды перзентіне деген елдің ақеден көңілі мен ыстық ықыласын айтыс өнерінің ақтангері атанған Мұхтар Ниязов тамаша жыр жолдарымен жеткізгеннен кейін Сейілбек Шаухаманов аталық ақ батасын арнады.

Сыр өңірінің негізгі дақылы – күрішті баптап өсіріп, өндірушілер үшін ақталған өнімді шетел нарығына экспорттау, оның өтімділігін арттыру секілді маңызды мәселелердің басы-қасында жүріп, туған ауылының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып келе жатқан кәсіпкер Абзал Ералиев ақпарат құралдары өкілдеріне берген брифингте:

– Шын мәнінде, бұл Елбасы мен елдің маған берген биік марапаты. Бұны мен Сыр бойындағы диқандардың жеңісі, барлығымызға ортақ қуанышымыз деп білемін! Сырдың көгінде тағы бір еңбек жұлдызы жарқырады. Алтын жұлдыз маған үлкен жауапкершілік жүктейді, – деп ағынан жарылды.

**Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.**

# МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ САЛТАНАТЫ

**Кеше Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиын болды. Оған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.**

Мерекелік сахнаға алдымен Қазақстан Республикасының Туы әкелініп, еліміздің Әнұраны орындалды.

Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойғы арман-тілегі жүзеге асқан, ғасырлар тоғысында бой көтерген тәуелсіз мемлекетіміздің ең басты мерекесіне арналған салтанатты жиында аймақ басшысы Қ.Көшербаев шараға қатысушыларды Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен құттықтады.

– Тәуелсіздік – халқымыз үшін ең қастерлі, ең басты елдік ұғым. Ел тәуелсіздігі – ежелден еркіндік аңсаған ұлтымыздың асқақ рухының және ұлт тарихындағы барлық азаттық үшін болған күрестердің жеңісі. Біз үшін азаттықтың әр жылының, әр сәтінің мәні мен маңызы айрықша, – деп сөзін сабақтаған облыс әкімі: – Тәуелсіздігімізді орнықтырудың ең қиын жылдарында халықтың кемелдігі мен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың кемеңгер саясатының нәтижесінде баршамыз азат мемлекетімізді бірлесіп құруға мүмкіндік алдық, - деді.

Иә, расында тәуелсіздік – тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен сыйы, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Облыс әкімі атап өткендей, біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Тарих үшін 22 жыл қас-қағым сәт болғанымен, біз осы қысқа мерзім ішінде сындарлы сәттерден аман-есен өтіп, өз бағыт-бағдарымызды нақтылап алдық. Қазақстанның болашақ даму векторы айқындалған Мемлекет басшысының «Қазақстан - 2050» Стратегиясы кемел келешегіміздің темірқазығы.

Осы жылдардағы елде жүзеге асырылған ауқымды жобалар мен игілікті істердің барлығы Тұңғыш Президентіміздің есімімен тығыз байланысты екендігіне тоқталған Қ.Көшербаев Мемлекет басшысы Сыр өңірінің дамуын ұдайы назарында ұстап отырғанын атап өтті. Елбасының тікелей қолдауымен Алашқа ана, талайға пана болған Сыр өңірі экономикасының бүгінгі таңда құрылымын өзгертіп, қарқынды дамуға мүмкіндік алғанын, қасиетті Сырда өркениеттің жаңа көші басталғанын жеткізді. Нақты кезеңде инвестициялық әлеуеті артып, индустриялдық-аграрлық аймаққа айналып келе жатқан өңіріміздің кемел болашағына көз жіберген облыс басшысы дамудың жаңа белесіне қадам басқан өңір экономикасының басты бағыттары туралы тарқатты.

Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев сөз тізгінін алып, кеудесінде жарқыраған «Алтын жұлдыз» бен «Отан» орденін еңбекті сүйетін, еңбекті қадірлейтін Сыр елінің халқына берілген баға деп есептейтінін жеткізіп, жиылғандарды ұлық мерекемен құттықтады.

Мұнан соң облыс әкімі Қ.Көшербаев ерен еңбегімен Сыр бойының өркендеуіне елеулі үлес қосқан бірқатар азаматтарға мемлекеттік наградалар табыс етті.

Мерекелік салтанатты белгілі өнерпаздар концерттік бағдарламамен өрнектеді.

**Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.**

# АЛТЫН ЖҰЛДЫЗДЫ АЗАМАТ

**2011 жыл еді. Қызылордаға енді ауысып келгенбіз. Алматыдан. Ненің не екенін аса біле бермейміз. Туған жеріміз болғанмен, Алатаудың етегінде ес жиып, етек жапқан бізге Сырдың сырын жаңадан ұғынуға тура келгені бар. Аймақтың ақжолтай жаңалықтарын республикаға жалаулатып жеткізгіміз-ақ келеді. Бірақ тасырақтаған аттай кібіртіктей бердік. Сондай күндердің бірінде «Сырдария ауданында Нағи Ілиясов деген ауыл бар. Тап бір құм ішіндегі оазис секілді. Тіпті, Лондондағы Биг-Беннің көшірмесіне дейін тұр», деген ақпарат құлаққа жағымды естілді. Елдің батысына апаратын күре жолға түсіп алып, Нағи ауылына тарттық.**



Кіргеннен-ақ жұрттың аузындағы сөздің бекер еместігіне көз жетті. Гүлдің сан түрі жайқалып өсіп тұр. Мәдениет үйі инеден жаңа шыққандай, жарқырап қарсы алады. Анадай жерде субұрқақтар көкке шапшиды. Ауыл түгілі, кейбір аудан орталықтарынан көре бермейтін сауда орталығының іші қыздың жиған жүгіндей тап-түйнақтай екен. Қасында алақандай ауылға арнап салынған мейрамханасы және бар. Мектептің ескілігі де байқалмайды. Себебі, күрделі жөндеуден өткен. Жаздыгүні халық концерт тамашалайтын сахна да жасалған. Оның сыртын ала екінші дүниежүзілік соғыстың құрметіне қойылған ескерткіш пен мәңгілік алауды көресіз. Айналаны гүл көмкерген. Шаштараздың қолынан жаңа шыққандай болып талдарақ пен көгал жатыр жайқалып.

Ауыл адамдары сағаттарын Биг-Беннің көшірмесіне қарап түзейді. Қысқасы, айтса айтқандай-ақ. Келбеті келіскен ауыл екен. «Енді мұның бәрін кім істеді?» деген заңды сауал мидың бір бұрышынан қылаң берді. Сұрастыра келсек, Абзал Ералиев деген азамат екен. Өзі күріш шаруашылығымен айналысатын көрінеді. «Абзал және К» деген толық серіктестіктің директоры. Сонымен қатар, Нағи ауылына бөтен адам емес. Осы елдің тумасы болып шықты. Біздің Нағи Ілиясов ауылы мен Абзал Ералиевті тануымыз осылай басталған-тын.

Кәсіпкердің негізгі мамандығы инженер-құрылысшы. Кеңес кезінде білім алып, еңбекке араласқан. Құрылыс саласында қызмет қылып, қарапайым шеберден бөлім бастығына дейінгі аралықты жүріп өткен. Сол жылдары заман өзгеше өң алып, империяның арса-арса қабырғасы сөгіліп, ел тәуелсіздігін алады. Нарықтың алғаш келгенде халықты қарық қылмағаны есте шығар. Талай мұғалім, дәрігер мен ғалым ала дорба арқалап кеткен кез еді ғой. Жұрттың бәрі алыпсатарлыққа жүгініп, жанын баққан. Енді ше, қарап отырып аштан қырылуы керек пе? Бірінен алады. Екіншісіне сатады. Ортасындағы аз-кем тиын-тебенге өзегін жалғайды.

Абзал Ералиев те жұрт қатарлы саудамен айналысып көреді. Бірақ аз ғана уақыт. Себебі, алыпсатарлықпен алысқа бармайтынын сезеді. Содан жігіттерді жинап, басын «Абзал және К» толық серіктестігінің шеңберіне тоғыстырады. Басты мақсат – ата кәсіп күріш шаруашылығымен айналысу. Бұл 1994 жыл еді. Дайын тұрған жері, сақадай-сай техникасы, адам күші жоқ серіктестікке жұмысты бірден дөңгелетіп алып кету оңай болмады. Алғашында аймақта өндірілген күрішті сатты. Сонан кейін барып қана жерге дән егіп, өз өнімдерін шығара бастады. Бастапқыда азғантай жерге өнім тастады. Жылдар өте серіктестіктің көкжиегі кеңейе берді. Бүгінде «Абзал және К» толық серіктестігі Сырдария ауданының Нағи Ілиясов және Бесарық ауылдарында 500 гектардан астам алқапқа күріш егеді. Бұл білген адамға бір шаруашылық үшін аз тірлік емес. Жылына 30 бен 35 мың тоннаның арасында қара күріш жинайды. Ең бастысы, олар күрішті өздері ақтайды. Сонымен қатар, тұқымдықты да өздері дайындайды. Дәл осы жерге келгенде серіктестіктің күріш шаруашылығын дамыту үшін жаңа технологияларды енгізіп жатқанын айтпай кетсек, айып болар еді.

Жасыратыны жоқ, күріш шаруашылығында осыған дейін біршама шикіліктің болғаны рас. Өйткені, тұқымдық күрішті өңдейтін құрал-жабдықтың бәрі дерлік Кеңестің көзін көрген, әбден ескірген заттар. Болмаса, арзан бағаға сатып алынған сапасы аса мықты деуге келмейтін жабдықтар. Ал ол күрішті күрмектен толық айырмайды. Оған қоса, өнім бермейтін, ауруға шалдыққан, қабығы зардап шеккен күріштер де тұқымдық ретінде пайдаланылып кетеді. Жалпы, өңір бойынша тұқым өңдеумен айналысатын мекемелер саусақпен санарлық қана. Бірақ, біз айтқан кемшілік осының бәріне тән құбылыс. Осы нәрсенің зардабын тұтынушы мен өндірушінің қатар шегетінін айтуға тиіспіз. Осы олқылықтың орнын жою үшін «Абзал және К» серіктестігі Германиядан тұқым өндіретін арнайы құрал-жабдық алдыртып, зауыт салды. Қажетті құрал-жабдықтар немістің «Petkus» компаниясынан тікелей алынып, жеткізілген. Аталған компания әлем бойынша тұқым өңдеу саласының майталманы ретінде әлдеқашан мойындалып қойған. «Абзал және К» серіктестігінің осы компанияға көңіл бөлуі де содан. Ал зауыт жұмысшыларын сол жақтан келген мамандар оқытқан. Германиядан алдыртқан зауытқа қатысты құрал-жабдықтың жалпы құны 114 миллион теңгені құраған. Ол «ҚазАгро» компаниясы арқылы қаржыландырылған. Ал зауытты, тұқымдық қоймаларын серіктестік өз күшімен салған. Қысқасы, аталған зауыттың жалпы құны 191 миллион теңгеге жеткен. Әрине, аз қаржы емес. Десек те, күріш шаруашылығын дамытып, өнім сапасын арттыру мақсатында осындай іске бел шешіп кіріспесе, тағы болмайды. Зауыттағы жабдықтар күрішті қолмен айырғандай өңдейді. Алдымен, тұқымдыққа арналған күрішті әкеп салады. Бір шетінен таза, сапалы өнім беретін тұқым шығып жатады. Екінші жағынан өнім бермейтін, бірақ пайдалануға болатын күріштерді бөлектеп тастайды. Тағы бір жағынан күрмектерді аршып алады. Бір сөзбен айтқанда, сапалы дүние екені көзге бірден түседі. Мысал үшін айтайық. Мына тазаланған әрбір тұқымдық күріштің келісінен әрі кеткенде бес-ақ күрмек шығады екен. Ал бұған дейінгі зауытта оның саны 20-30 күрмекке дейін болған. Зауыт сағатына 5 тонна тұқымдыққа дейін өңдеуге қауқарлы. Күніне 100 тонна тұқымды ентікпей дайындайды. Сонда бұл облысқа қажетті күріштің жартысын дайындап беруге жарайды деген сөз. «Абзал және К» серіктестігінің директоры Абзал Ералиев тұқымды дайындап, оны қаптап, шаруа қожалықтарына өздері жеткізіп беруді ойлаған. Бірақ шаруалар дайын тұқымды пышақ үстінен бөліп алып кетіп жатыр екен. Дей тұрғанмен, алдағы уақытта сервистік қызмет көрсетілетінін, әр шаруашылыққа қажетті тұқымдықты өздері жеткізіп беретінін айтып отыр.

– Мемлекет кәсіпкерлікті дамытуға барынша жағдай жасап жатыр. Сол үшін бюджеттен арнайы қаржы бөліп, шаруашылықтардың шаруасын түзеп алуына ықпал етуде. Сондықтан біз де өзіміздің ғана емес, бүкіл облыстағы күріш өнімінің сапалы болуына атсалыссақ деген ниетпен тұқым зауытын аштық, – дейді Абзал Ералиев. «Абзал және К» серіктестігі таза тұқымды өздері ғана пайдаланып отырған жоқ, өзге шаруашылықтарға да дайындап беріп жатыр. Айтпақшы, шаруашылық соңғы 5 жылда «Янтарь», «Лидер», «Фишт», «Анаит» секілді күріш сорттарын жерсіндірген.

Одан кейінгі әңгіме бітік шыққан күрішті орып алуда. Комбайн дұрыс болмаса, дайын тұрған өнімді ысырап қылу оңай. Бұл ретте мекеме мұхиттың ар жағынан арнайы техникалар алдырған. Бүгінде олардың иелігіндегі «John Deere» комбайндары мен тракторлары сөзіміздің дәлелі. Сонымен қатар, атақты «Енисей» комбайндарының соңғы үлгідегі техникалары да көптеп алынған. Орылған күрішті тазалау да ерекше мәнге ие. Бұл ретте Кореядан, Қытайдан, Германиядан жеткізілген үш зауыт тоқтаусыз жұмыс істеп тұр. Мекеме қара күрішті тазалайтын алғашқы зауытты 2008 жылы орнатқан екен. Ол сағатына 25 тонна өнім беретін болған. Арада екі жыл өткенде қытайлық құрылғыны қондырады. Ол сағатына 60 тонна қара күрішті тазалай алады. Былтыр германиялық компанияның жабдығын әкелген. Мұның қуаты сұрапыл екен. Бір сағатта 150 тоннаға дейін өнім өндіреді.

Күріш өзі суда өседі ғой. Ал үнемі су жатқан соң жер құнарсызданады. Арасында күріштік алқапты демалдырып алмаса болмайды. Ондай кезде жерге жоңышқа егіледі. Бұл өзі баяғыдан қалыптасқан дәстүр. Біз сөз етіп отырған шаруашылық демалдыратын жерге жоңышқаның да жақсы сорттарын егеді екен. Жоңышқаның тұқымын дайындайтын зауыты да бар.

Ақыры сөз еттік қой, мына мәселелерді де айналып өтпейік. Соңғы үш жылда сыйымдылығы 9300 тоннаны құрайтын 8 жаңа күріш қоймасы салыныпты. Одан бөлек, жыл сайын кем дегенде бес маман Ресейдің Краснодар өлкесіне тәжірибе алмасуға арнайы жіберіледі. Бұдан бөлек, Испания, Италия, Түркия, Корея мемлекеттеріне маман жіберіп, біліктілігін арттырып отырады.

> « Нағи ауылы бұрын Батырдың ауылы болса, енді Еңбек Ерінің ауылы болады»
> *(Елбасының марапаттау салтанатындағы сөзінен)*

Бүгінде мемлекет маман даярлауды басшылыққа алып отыр ғой. Мысалы, Нағи Ілиясов ауылындағы №132 орта мектептің екі түлегін Кубань мемлекеттік аграрлық университетінің «Агрохимия және топырақтану» мамандығы бойынша өз есептерінен оқытып жатыр. Биыл дәл осы оқу орнының магистратурасына Асқар Әлиакбаров деген жігітті түсірді. Ол бұған дейін шаруашылықта инженер болып жұмыс істеген екен.

Биыл аймақта күріштен рекордтық өнім жиналды. Оның да бірнеше себептері бар. Бірінші Көксарай су реттегішінің атқарған рөлі орасан зор. Өйткені, Көксарай арқылы егістікке қажетті су жиналып, оны шаруалар дер кезінде алып отырды. Күріштің суға тікелей тәуелді екенін ескерсек, онда су реттегішінің пайдасы өзінен-өзі белгілі болады. Екіншіден, мемлекет шаруаларды ерекше қамқорлығына алып отыр. Оны биыл берілген субсидия көлемінен-ақ байқаймыз. Осы жылы күрішке төленетін субсидия нормасы 25,0 мың теңгеге көтерілді. Бұдан басқа күріш өндірісінде пайдаланылатын минералдық тыңайтқыш, гербицидтер, су жеткізіп беру қызметіне төлейтін Үкімет бекіткен субсидиялар бар. Осылардың бәрін қосқанда әр гектарға орташа есеппен 42,7 мың теңге субсидия төленеді екен. Ал 1 гектар күріш өндірісіне кететін орташа шығын 166,7 мың теңге көлемінде. Сонда кеткен шығынның төрттен бір бөлігін мемлекет субсидиялап отыр. Үшіншіден, облыстық әкімдік те шаруалардың барлық жағдайын жасауда. Ол үшін арнайы күріш кластерін дамытатын консорциум құрылды. «Жалағаш» элеваторын жеке қолдан мемлекеттің иелігіне алып, күрішшілер үшін оңтайлы жағдай жасап жатыр. Ал рекордтық өнімнің жиналуына «Абзал және К» толық серіктестігі ерекше үлес қосты. Шаруашылық әр гектарынан 65 центнерден өнім жинады.

Бүгінде серіктестік тек ішкі нарықта ғана жұмыс істеп жатқан жоқ. Экспортқа да өнім шығарады. Мәселен, Ресей, Қырғызстан, Әзербайжан, Түркіменстан мен Тәжікстан «Абзал және К» серіктестігі шығарған өнімді пайдаланып отыр.

Қай кезде де еңбектің еленгені жақсы. Абзал Ералиев бастаған ұжым Президенттің өзі тапсыратын «Парыз» сыйлығын бірнеше рет иеленді. Биыл ғана «Қазақстанның үздік тауары» көрмесінде үшінші орынды жеңіп алды. Ал Абзал Ералиевтің өзіне «Жылдың үздік меценаты» атағы берілді. Бұл жасалған еңбектің, төгілген тердің өтеуі бола қоймас. Дегенмен, ұжым жұмысына жаңаша серпін беретіні анық.

Мұның бәрін тәптіштеп айтып отырғанымыздың өзіндік себебі бар. Сөзіміздің басында айттық, кәсіпкер туған ауылын адам танымастай етіп өзгертті. Бір ғана мәселені айтайық, соңғы жылдарда серіктестік ауылдың 12 көшесін өз күштерімен жөндеп шыққан. Ол үшін аз қаржы жұмсалған жоқ. Абзал Ералиевтің өзі соңғы бес жылда Нағи ауылының өсіп-өркендеуіне 450 миллион теңгеге инвестиция салғанын айтады. Оның сыртында дәл осындай жұмыс Бесарық елді мекенінде де атқарылып жатыр. Ол жақта да балабақша жөндеуден өтіп, сквер салынып, су бұрқақ орнатылып, гүл егіліп, әлеуметтік нысандар жаңаша кейіпке енуде. Ал Бесарықтың гүлденуіне «Абзал және К» серіктестігі 150 миллион теңге қаржы жұмсаған. Сонда бір ғана кәсіпкер екі ауылдың жағдайын жасау үшін 600 миллион теңге шығындап отыр екен. Осындайда, Қазақстанда Ералиев секілді кәсіпкерлер көп болса екен деп армандап кететінімізді де жасырмаймыз. Бүгінде біздің жұртта бай да көп, манап та аз емес. Дей тұрғанмен, солардың барлығы тапқан табысын әлеуметтің игілігіне жаратып жатыр деп айта алмаймыз. Қазақ «сұңқар айналасына шашып жейді, қарға бауырына басып жейді» деп кеткен. Сондықтан Абзал Ералиевтің мысалы талай кәсіпкерге үлгі болса екен дейміз.

**Ержан БАЙТІЛЕС.**
Сырдария ауданы.







# КӨГІЛДІР ОТЫН – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

**Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында қала іргесіндегі Досан ауылында «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбырынан қаламызға үздіксіз газ беретін автоматты газ тарату стансасы іске қосылды. Салтанатты шараға аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев пен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ бас директоры Қайрат Шәріпбаев қатысты.**

Күн күрт суытқанда облыс орталығын «көгілдір отынмен» қамтамсыз етуде қиындықтар туындайтын. Бұл жайттың соңғы жылдары жиі қайталанғаны да есте. Өйткені, қақаған қыста отынның осы түрін тұтыну көлемі ұлғайып, желі бойындағы газ қысымы төмендейді. Мұндайда шаһарға жылу беріп отырған қос жылу орталығын сұйық отынға көшіріп, артық шығынға барып жүрдік. Мұның үстіне тұрғындарға газ көлемі жетпеген қауырт шақта қаладағы өндіріс орындары мен шағын кәсіпкерлік нысандар Үкімет қаулысымен газдан ажыратылып келді. Себебі, облыс орталығына ілеспе газ жалғыз көзден ғана берілетін. Оның өзі, яки Ақшабұлақ кенішінен келетін газ көлемі біздегі қажеттіліктің 50 пайызын қамтамасыз етіп келгені белгілі. Міне, енді бұл күндер де артта қалды.

Елбасының тапсырмасымен республиканың



оңтүстік өңірлерін газдандыруға бағытталған «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбыры құрылысының І-кезеңінің аяқталуы ашығын айтқанда өңірді газдандыру саласының жаңа көкжиегін айқындап берді. Осы тұста «ҚазТрансГаз Аймақ» компаниясы облыс үшін маңызы зор бірнеше жобаны білек сыбана қолға алды. Қаламыздың газға деген қажеттілігін толық өтеу үшін бірінші кезекте «Бейнеу-Шымкент» магистральды газ құбырынан Досан ауылына дейін ұзындығы 26,9 шақырымдық құбыр тартып, екінші автоматтандырылған газ тарату стансасын салып шықты. Бұған инвестициялық қаржы есебінен 4,3 млрд. теңге жұмсалды.

Аталған стансаның өткізгіштік қабілеті сағатына 160 мың текше метр газды құрайды. Бұл облыс орталығымен қоса қала жанындағы барлық елді мекендерді газдандыруға молынан жетеді. Сонымен қатар, «Ақшабұлақ-Қызылорда» мен «Бейнеу-Шымкент» құбырларының қиылысы түйістіріліп, екі құбыр қосылды. Енді тұрғындар үздіксіз берілетін табиғи газдың игілігін көреді.

Салтанатты шарада газ алауын жаққан облыс әкімі Қ.Көшербаев пен «ҚазТрансГазАймақ» АҚ бас директоры Қ.Шәріпбаев Қызылорда қаласын «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбырына қосуға мүмкіндік беретін «АГТС-2» және «Газды редукциялау торабын» пайдалануға берді. Осылайша, облыс орталығына газ беретін қосымша желі ретіндегі технологиялық аса маңызды екі нысан салтанатты жағдайда пайдалануға ұсынылды.

«ҚазТрансГазАймақ» АҚ бас директоры Қ.Шәріпбаев аталған газ құбырының желісі Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асқан еліміздегі серпінді инфраструктуралық жобалардың бірі екендігіне тоқталды. – Облыс орталығы үшін көгілдір отынның тапшылығы өткір мәселеге айнала бастағанда біздің компания мәселені оңтайлы шешудің жолын ұсынды. Облыс әкімдігімен бірігіп техника-экономикалық негіздеме жасалды, компания екі ірі инвестициялық жобаны табысты жүзеге асырды, – деді өз сөзінде компания басшысы.

«Бейнеу-Шымкент» магистральды газ құбырына қосылу Қызылорда қаласын газдандыру жобасының жалғасы екендігін, оның облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай ықпал ететінін атап өткен Қ.Көшербаев игілікті істің ұйытқысы болып, өңірді газдандыру ісіне 6 млрд. теңгеден астам инвестиция салған компания басшысына алғысын айтты. Қос нысанды салған құрылысшыларды қуанышты сәтпен және ұлық мерекемен құттықтады.

Айта кетейік, «ҚазТрансГазАймақ» АҚ пайдалануға берілген 2 нысаннан өзге ұзындығы 22,4 шақырымды құрайтын айналма желінің де құрылысын жүргізді. Жоғары қысымдағы айналма газ құбырының құрылысы қаламыздағы №1 газ тарату стансасы тұсынан басталып, «Қызылордажылу-электрорталығы» кәсіпорны жанынан тұйықталады. Кәсіпорын оған 1,7 млрд. теңге қаражат бөліп, облыс орталығының газ беру жүйелерін айналма желі арқылы тұйықтады.

Сонымен, облысты кешенді газдандырудың І-кезеңі 2015 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Жалпы ұзындығы 1475 шақырымды құрайтын газ тасымалдау желісінің 846 шақырымы облыс аумағындағы 7 аудан орталықтарының үстінен өтеді. Енді осы негізгі газ желісіне қосылу арқылы аймақтың барлық елді мекендерді кезең-кезеңімен көгілдір отынмен қамтылады. Алдағы 2 жыл ішінде облыстың негізгі бөлігі газдандырылады деп күтілуде.

**Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.**

# ШИРЕК ҒАСЫРДАН КЕЙІН БАҒЫНДЫРЫЛҒАН ШЫҢ



**Ыдырыс ҚАЛИЕВ, «Қызылорда облысының және қаласының құрметті азаматы»:**

– Осы уақытқа дейін қол жеткізілген барлық табыстарымыз бірінші – тәуелсіздіктің, екінші еңбектің арқасында келгені мәлім. Осы еңбектің арқасында Елбасы Н.Назарбаев Сыр өңіріне үлкен сый жасады. Еңбек адамын ұлықтап «Еңбек Ері» атағын берді. Республикамызда үш адамның бірі атанған Абзал Ералиевтей азаматы бар елдің қуанышы орасан. Бұл ел мерейі, халық пейілі. Лайым осы қуаныш игі дәстүрге айналып, елімізде, өңірімізде «Еңбек ерлері» көбейе берсін. Тәуелсіздігіміз тұғырынан таймай, еліміздің туы көкте қалықтап, ынтымағы жарасқан ел болайық!

Елбасы айтқандай, Нағи Ілиясов ауылы бұрын Батырдың ауылы болса, енді Еңбек Ерінің ауылы атанды. Бұл халықтың мәртебесі. Мұндай жоғары атақ облыс азаматына ширек ғасырдан кейін беріліп отыр.



**Нұрмұрат ЕРМАНОВ, кәсіпкер, «Парасат» және «Құрмет» орденінің иегері:**

– Тәуелсіздік алғалы 22 жылдан бері Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев кәсіпкерлікті дамыту жайында ұдайы қолдау білдіріп келеді. Абзал Ералиев сынды еңбек адамының, істің көзін аша білген азаматқа жоғары деңгейдегі марапат берілгені, шын мәнінде Елбасының кәсіпкерлікке жасаған қошеметі. Халық мерейі мен ел игілігі жолында еңбектеніп жатқан қарапайым шаруа адамының еленген күні.

Сыр елінде Еңбек Ерлері тағы бір жұлдызды азаматпен толықты. Тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген жетістігіміз, шыққан асуымыз мол. Тәуелсіз ел болғандығымыздың арқасында ғана Қазақстанды бүкіл әлем таныды. Дүниенің бір бұрышында қазақ деген халықтың үлкен істер тындыра алатын өресі мықты, өрісі кең халық екенін әлем білді. Қазақстанды биік табысқа қол жеткізген Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі зор.

# МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ – ЕЛ МЕРЕЙІ

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ЖАРЛЫҒЫМЕН ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ОБЛЫСТЫҢ БІР ТОП ЕҢБЕККЕРЛЕРІ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРМЕН МАРАПАТТАЛДЫ. СОНДАЙ-АҚ, АЙМАҚ ДАМУЫНА СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН БІРҚАТАР АРДАГЕРЛЕР «ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» АТАҒЫН ИЕЛЕНДІ**

## Жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – “ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК ЕРІ” атағы

### Ералиев Абзал Жұмашұлы – «Абзал и К» толық серіктестігінің директоры.



Компания соңғы 5 жылда 1 млрд. теңгеден астам инвестиция салып, ауыл шаруашылығы техника паркін 85 пайызға жаңартты. Ералиев Абзал 500-ден астам жұмысшыдан тұратын шаруашылықты үлгілі ұйымдастырып қана қоймай, Сырдария ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлесін қосып келеді. 2012 жылы Қазақстан Республикасының білім беру саласына қосқан айрықша үлесі үшін Абзал Жұмашұлы «Меценат» алтын медалімен марапатталса, 2013 жылы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен наградталды.

## «ПАРАСАТ» орденімен

### Алматов Алмасбек Нұрмаханұлы – Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, жыршы.



А.Алматов Франция, Италия, Швейцария елдерінде Дүниежүзілік өнер турнесіне қатысып, қазақтың дәстүрлі жыр өнерін Европа жұртшылығына танытты. Алмас Алматовтың басшылығымен Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының жанынан қоғамдық негізде ашылған «Тұран» халықаралық ғылыми мәдениеттану орталығы Америка, Швейцария, т.б. мемлекеттердің ғылыми-зерттеу орталықтарымен фольклорлық-этнографиялық, музыкалық-теориялық бағыттағы бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізді. Жыршының жыр қоржынында Тұрмағамбет, Балқы Базар, Шораяқтың Омары, Кете Жүсіп, Ә.Егізбаевтың жыр-толғауларымен бірге «Көрұғлы», «Қобыланды» және өзінің «Қазына» дастандары бар.

### Үдербаев Мұрат Пірмағамбетұлы – «Автомобиль жолдары басқармасы» ЖШС директоры.



М. Үдербаевтың басқаруымен 50 адамнан тұратын «УАД» ЖШС Қазақстанның оңтүстік аумағын қамтитын 669 адамы бар ірі жол құрылысы және құрылыс мекемесіне айналды. Серіктестік әлеуметтік бағдарламаларды дамыту бағытында көптеген мекемелер мен ұйымдарға қаржылай және материалдық көмек көрсетіп келеді. Материалдық-техникалық базаны ұлғайту бағытында бүкіл техникалық паркті жаңартып, жол жөндеу, жол құрылысы және мектеп, аурухана, тұрғын үй құрылысының сапалы бой көтеруіне атсалысуда.

## “ҚҰРМЕТ” орденімен

### Кәрім Медет Сапиұлы – «ҚазГерМұнай» БК ЖШС бас директоры.



Медет Сапиұлы басқаратын компания өз қызметін Қызылорда облысы Оңтүстік-Торғай ойпатының Ақшабұлақ, Нұралы және Ақсай кен орындарында көмірсутек шикізатын барлау, өндіру және өткізу бойынша жүзеге асырады. М.С. Кәрім басқаруымен мұнай өндіру бойынша 2013 жылғы жоспарды 105 %-ға орындады. Оның бастамасымен «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС Туберкулезге қарсы диспансер, Даун синдромы бар балаларға арналған Балалар оңалту орталығы тәрбиеленушілеріне көмек көрсетуде. «Чернобыль және Арал балалары» қоры, «Ұмай» мектеп жасына дейінгі балаларға арналған балалар үйі, «Ботақан» балалар бақшасы, Қызылорда қаласының орта мектептері, №7 арнайы түзету интернаты, «Жастар жетістігі» өңірлік орталығы ҚҚ, «Дарын» жастар продюсерлік орталығы» жастар қоғамдық бірлестігіне демеушілік көмек көрсетілуде. 2012 жылы «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» Республикалық конкурсында «Экологияға қосқан үлесі» номинациясында жеңімпаз атанды.

### Құтыбаев Рахым Байбосынұлы – «Ынтымақ» ЖШС директоры, Жаңақорған ауданы.



Ауданның ауыл шаруашылығы саласын дамытуда өз үлесін қосып жүрген бірден-бір инвестор. Серіктестік 350 гектар күріш, 450 гектар жоңышқа, 250 гектар күздік бидай дақылдарын егіп, жоғары өнім алуда. 2003 жылдан бастап жакет типті, қара түсті асыл тұқымды қаракөл қойларын өсіру мәртебесін алған. Бүгінгі күнге шаруашылық 6000 бастан аса асыл тұқымды қаракөл қойы, 1200 бас ет бағытындағы қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойы, 120 бас жылқы өсіруде. Серіктестік жыл сайын алынған төлдің есебінен репродуктор-шаруашылық ретінде 2000 бас асыл тұқымды қаракөл тұқымдас төл сатады. Бұдан басқа серіктестік Жаңақорған кентінде тәулігіне 30 тонна күріш өңдейтін зауытты іске қосқан. Қазіргі кезде серіктестікте 100-ден аса адам еңбек етеді.

### Ноғаев Шайхислам Ноғайұлы – Қызылорда облысы бойынша экология департаменті басшысының орынбасары

Ноғаев Шайхислам 1989 жылы республика бойынша алғашқы болып жергілікті бюджеттің кіріс көзі ретінде қоршаған ортаны ластағаны үшін төленетін төлемақыны енгіздірген. Сонымен қатар, 2003 жылы мұнай региондары арасында алғашқы болып ілеспе газды алауда жаққаны үшін арнайы төлемақы енгізген. Бұл әдістеме жалғасын тауып 2007 жылы – салық кодексіне енгізілді. Қазіргі кезде Шайхислам Ноғайұлымен енгізілген әдістеме бойынша облыстық бюджетке қомақты қаражат түсті. Шайхислам Ноғайұлы Қызылорда қаласының санитарлық-эпидемиологиялық, экологиялық жағдайын жақсартатын тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және оларды шығаруға арнайы жерасты контейнерлер жасауына патент алған, сол арқылы қала аумағында экологиялық ахуал едәуір жақсарған.



## “ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН” медалімен

### Ақмағамбетова Дариха Ақмағамбетқызы – «Қызылорда облыстық Азаматтық Альянс» қауымдастығының төрайымы

Дариха Ақмағамбетқызы облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, Жалағаш аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, Қызылорда қалалық партия комитетінің хатшысы, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары қызметтерін абыроймен атқарып, өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосты. 2006 жылы «Қызылорда облысы Азаматтық Альянсы» қауымдастығын құрып, сол ұйымға басшылық жасап өңірімізде азаматтық қоғамның қалыптасуына, үкіметтік емес ұйымдардың дамуына, олардың ынтымақтастық пен бірлігінің артуына, билік орындарымен тиімді қарым-қатынасының орнауына үлкен ықпал етіп келеді. Азаматтық Альянс қоғамдық қолдауға ие болып, облысымыздың саяси-қоғамдық кеңістігінде өз орнына ие болды. Азаматтық Альянсқа 36 ҮЕҰ мүше болып кірді. Облыстың барлық аудандарында Азаматтық Альянстың бөлімшелері құрылды. Дариха Ақмағамбетқызы «Қызылорда қаласының құрметті азаматы» атағының иегері.



### Ахметов Бердалы – «Қызылордажылуэлектрорталығы» МКК шебері



Жұмыс барысында Ахметов Бердалы өзінің аса іскерлігімен, шеберлігімен өте күрделі жұмыстарды талап ететін қондырғыларды, сораптарды, турбиналарды жөндеп жұмыс атқарып келеді. Өз еңбекқорлығымен, жұмыс барысында станцияның барлық ережелерін сақтап, өзінен кейінгі жас мамандарға білгенін үйретіп, өндірістік кәсіпорнында жақсы жетістіктерге жетуге ықпал жасаған. Мысалға; 2013 жылдың қаңтар айында турбина цехында орналасқан негізгі қондырғылардың бірі ПТ-25-90 маркалы турбинасының күрделі жөндеу кезінде, қосымша пайда болған подшипниктің ақауын тек қана Ресей Федерациясы, Калуга қаласының зауытында жөнделіп жасалынатын күрделі жұмысты, станцияның жағдайында өзінің білгірлігі арқасында жөндеу жұмыстарын орындап шығып, кәсіпорынның үлкен қаражатын үнемдеуге ықпал жасай білді.

### Әлімқұлов Темірхан Нәлікұлы – «СМП-Қызылорда» ЖШС директоры



Т.Әлімқұлов басқаратын «СМП-Қызылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2004 жылы Қызылорда қаласының тұрғын үй секторын табиғи газбен қамтамасыз етуге мол үлес қосып, 2005-2007 жылы Қызылорда қаласында 40 пәтерлік екі және 8 пәтерлік тұрғын үй құрылысын салды. 2009-2012 жылдары Шиелі ауданының Ортақшыл ауылында 250 орындық, Бидайкөл ауылында 600 орындық мектептер, Жаңақорған ауданының Талап ауылында 300 орындық балалардың жазғы тынығу лагері құрылыстарын салып ел игілігіне берді. 2013 жылы Арал ауданының Сексеуіл кенті әкімдігінің ғимараты, Жаңақорған ауданының Қыраш ауылында 200 орындық мектеп құрылысын салды.

### Ералиев Төлеу Айманұлы – «Жаңажол» ЖШС бригадирі, Қармақшы ауданы



Төлеу Айманұлы 2004 жылдан бастап «Жаңажол» ЖШС-ның егіс бригадирі болып жұмыс атқаруда. 2013 жылы Төлеу Айманұлы басқарған бригада 520 га күріш алқабының әр гектарынан 70,4 центнерден, 3661 тонна Сыр салысын өндіріп, ауылшаруашылық дақылдарынан жоғары өнім алып, ауыл халқының әлеуметтік деңгейінің көтерілуіне сүбелі үлес қосып келеді. Ералиев Төлеу басқарған бригада аймақтағы бағалы дақыл – күріш саласын өндіруде ғылым жетістіктерін тәжірибемен ұштастыра отырып, гектар шығымдылығын көтеруде облыстағы озат өндіріс бригадасы болып жылма-жыл табыс биігінен көрінуде.

### Есімсейітов Ержан Жұмашұлы – «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС тас қалаушысы



Ержан Жұмашұлының тікелей қатысуымен 2003-2006 жылдары Жосалы кентінде 60 төсектік туберкулезге қарсы диспансер, Қызылорда қаласында халыққа қызмет көрсету орталығы мен 60 пәтерлік тұрғын үй, Сырдария ауданының А.Тоқмағамбетов ауылында 150 орындық клуб салынды. 2007-2012 жылдар аралығында Тереңөзек кентінде 1200 орындық мектеп, Шиелі ауданының Н.Бекежанов ауылында 600 орындық мектеп, Жалағаш ауданының Жаңадария ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт, Жаңақорған ауданының Сүттіқұдық ауылында 90 орындық балабақша нысандары салынып, пайдалануға берілді. 2012-2013 жылдары Шиелі кентінде ауысымда 250 келушіні қабылдайтын емхана құрылысы салынды.

### Жарекесов Скендір Көпешбайұлы – Байқоңыр қаласы №3 мемлекеттік тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық бірыңғай кәсіпорнының учаске бастығы



Скендір Көпешбайұлы ұзақ жылдар бойы Байқоңыр қаласының тұрғындарына коммуналдық қызмет көрсету саласында қажырлы қызмет жасап, жас мамандарды кәсіби даярлауда, оларды еңбекке баулуда ерекше еңбек сіңірген азамат. Бүгінде 120 адамнан тұратын ұжымды абыроймен басқаруда. Скендір Көпешбайұлы басқарған ұжым үздік ұжым болып табылады. Мемлекетіміз тәуелсіздік алғалы бері еліміздің қоғамдық өмірге белсене араласып, Елбасының саясатын халыққа насихаттау мақсатында 2 мәрте Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты болып сайланды.

### Зетов Шынтас – Сырдария аудандық орталық ауруханасының бас дәрігерінің орынбасары



Сырдария аудандық орталық ауруханасында Ш.Зетовтың қатысуымен жылына 250-300-ге жуық ота жасалады. Оның ішінде, әр түрлі салада сүйекке, қан тамырларына, іш құрылысына және перзентханада шұғыл қажеттілікке байланысты оташылдық көмек көрсетіледі. Ш. Зетовтың 41 жылдан астам хирургиялық тәжірибесінде 11500-ге жуық операция жасалынған. Ш.Зетов аудандық ауруханада алғашқы болып науқастарға өт жолына, сүйектерге остеосинтез, қан тамыры ауруларына (варикоз ауруы), асқазанға, зәр жолдарына (аденомоэктомия, нефлоэктомия) операцияларын жасаған маман.

### Кузнецов Андрей Юрьевич – «Фирма «Балауса» ЖШС бас директоры



«Фирма Балауса» ЖШС-ның бас директоры қызметін атқарғалы серіктестік геологиялық барлау өткізіп, «Бала-Сауысқандық» кенішіндегі руда өңдеу бойынша тәжірибе-эксперименталдық зауытын салды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік теңгеріміндегі «Бала-Сауысқандық» кенішінің ванадий рудасының қоры 69 млн. тоннаны құрады. Бүгінгі күні компанияда 240 адам жұмыс жасайды. Бюджеттің барлық деңгейіне жылдық жиынтық салық төлемдері жылына 50 млн. теңгені құрап отыр. Компания кеніште дамытуға шамамен 20 млн. АҚШ доллары көлемінде инвестиция салды, оның ішінде 600 млн. теңгеден астамы ғылыми-зерттеулік және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жолданған. Компания Қызылорда облысында ванадий рудасын өңдеуге қатысты 6-7 ірі өндірісі бар ванадийлік кластер ұйымдастыруды жоспарлауда.

## “ШАПАҒАТ” медалімен

### Қонарова Жанна Құспанғалиқызы – Арал қаласындағы № 14 мектеп-лицейінің мұғалімі



Жанна Құспанғалиқызы облыстық сайыстан – 1, Республикалық сайыстан – 2, Халықаралық сайыстарға қатысып 1-орын иеленген. Жанна Құспанғалиқызының оқушыларының ішінде 2-уі Алтын белгіге, 1-уі Үздік аттестатқа, 25-і Грант иегерлері атанса, 6 оқушы облыстық олимпиадалардың, 3 оқушы Республикалық сайыстардың жүлдегерлері болған. 1 оқушы Халықаралық ғылыми жоба сайысының жүлдегері атанған. Еңбек өтілі – 21 жыл. Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен және «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған.

### Сәрсенбаева Сапура – Қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі интернат үйінің директоры



Интернат үйіндегі егде жастағы қарт кісілер мен мүгедектерге отбасының жылуын сезінуге, әрбір адамның жеке қасиеттеріне талдау жасап, олардың әрқайсысының жүрегіне жол тауып, қиыншылықтармен күресе білуге, жетістіктерге қуана білуге үйретіп, интернат персоналы мен мемлекет қамқорлығындағылардың арасындағы байланысты үнемі бақылауға алып, өзіне тән адамгершілігімен және жауапкершілігімен интернатты басқарып келеді. Облыстағы ірі мұнай компаниялары мен бірлескен кәсіпорындар, мемлекеттік емес ұйымдар, жоғары оқу орындары және тағы да басқа кәсіпорындармен және мекемелермен тығыз іскерлік байланыс орнатқан. Сонымен қатар, қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру, концерттік бағдарламалар көрсету, спорттық сайыстар сияқты мәдени шараларды ұйымдастырып, интернат тұрғындары салауатты өмір салтына баулып, өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал жасайды.

## «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ» атағымен

### Әбдікәрімов Мұхит Сұлтанұлы – Қызылорда облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрының директоры



Мұхит Сұлтанұлы қазіргі таңда, облыстағы Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрының директоры қызметін атқаруда. М.Әбдікәрімовтың сала жанашыры ретінде театр мен театр өнерін дамыту жолында атқарған қызметтерінің нәтижесінде Н.Бекежанов атындағы драма театры қазіргі уақытта республикадағы іргелі театрлардың бірі болып саналады. Театр қойған спектакль саны жыл санап өсіп келеді. 2013 жылы қойылған спектакль саны 88-ге жетті. Мұхит Сұлтанұлы театрда балалар мен жасөспірімдерге арналған қойылымдарды сахналауды көбейтіп, қазіргі кезде жылдық қойылымның 56-сы, яғни 63,6 пайызы, балаларға арналған қойылымдар болып отыр.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН

### Бөлегенов Дүйсенғазы Есенжолұлы – «Қазақстан темір жолы»ҰК» АҚ филиалы – Қызылорда жол бөлімшесінің пойыз құрастырушысы



Дүйсенғазы Есенжолұлы теміржол көлігіндегі еңбек жолын 1983 жылы тамыз айында Қызылорда локомотивті пайдалану деposында тепловоз машинисінің көмекшісінен бастады. 1984 жылдан бастап Қызылорда жол бөлімшесінде пойыз қабылдаушы, Қызылорда стансасында орталықтандырылған қосын операторы болып жұмыс істеді. Еңбек қызметі уақытында өзін жауапты қызметкер екенін көрсете білді. Ұжымдағы қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, қазіргі кезде жастардың тәлімгері болып отыр.

Д.Бөлегенов жұмыс істейтін ауысым, өздерінің қызмет ететін учаскелерінде пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін уақытылы қамтамасыз ете отырып, өндірістік көрсеткіштерді үнемі орындайды.

### Жолбарысов Тұңғышбек Толыбайұлы – «Жалаңтөс батыр» ЖШС механизаторы, Қазалы ауданы



Тұңғышбек Толыбайұлы 1986 жылдан «Қызылту» кеңшары және кейіннен «Жалаңтөс батыр» ЖШС-да қол үзбестен ауыл шаруашылығы саласындағы техникалардың ыстық-суығына төзіп, механизатор болып еңбек етіп келеді.

Осы аралықта өзінің техникаға жетік және ізденімпаздығы арқасында үнемі үлгілі еңбегімен үлкен жетістіктерге жетіп, ауыл шаруашылығы саласының өркендеуіне өзінің сүбелі үлесін қосып келеді.

Тұңғышбек Толыбайұлының қатысуымен 2013 жылы «Жалаңтөс» ЖШС 665 гектар күріш, 200 гектар бидай, 300 гектар жоңышқа егіп, одан 23275 центнер күріш, 2000 центнер бидай жинап, қамбаға бастырды.

### Жүнісбекова Зейнеп – психикалық-жүйке аурулары интернатының кіші мейірбикесі



Жүнісбекова Зейнеп 31 жылдан бері осы салада нәтижелі қызмет атқарып келеді.

Осы кезеңде ол өзін білікті маман ретінде көрсетті. Мемлекет қамқорындағы 230-ға жуық мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін барлық жағдай жасап, қызмет алушылардың сырқатын, жай-күйінің ауырлығын, жасын ескере отырып, стандартқа сәйкес қажетті медициналық-оңалту шараларын жүргізді. Олардың өмірде болып жатқан жаңалықтардан хабардар болуына, өткізіліп жатқан мәдени іс-шараларға қатысуына ықпал жасады. Интернаттың жұмысын жақсарту мақсатында тынбай қажырлы еңбек етіп келеді. Жүнісбекова Зейнеп қызмет алушылардың және ұжым арасында үлкен құрмет пен беделге ие.

### Исмаилов Мұрат Сайдуллаұлы – «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының слесарі



Мұрат Сайдуллаұлы еңбек жолын 1992 жылы желтоқсан айында «Алаугаз» мекемесінің 4-ші санатындағы слесарь мамандығынан бастаған. 2004 жылдан бастап «Қызылорда газ шаруашылығы» ЖШС басқармасында слесарь, 2007 жылдан бері «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалында слесарь болып абыроймен еңбек етіп келеді. Қызылорда қаласы тұрғындарын газдандыру науқанында ерекше еңбегі сіңді. Қызылорда қаласындағы «Ақмешіт» мөлтек ауданында 2005-2006 жылдар аралығында көпқабатты тұрғын үйлерге газ құбырларын тартуға ерекше үлес қосты. Газ құбырларын қала ішіндегі мөлтек аудандарының 4000 тұрғынына көгілдір от жеткізуге атсалысты.

### Касымов Тимур Равильевич – облыстық «Кызылординские вести» газетінің бас редакторы



Касымов Тимур Равильевич 1979 жылдан еңбек жолын газетте тілші болып бастады. Облыстық «Кызылординские вести» газетінде бас редактордың орынбасары, бас редактор, «Облыстық «Кызылординские вести» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны директорының міндетін атқарушы болып жұмыс жасаған. Қазіргі кезде «Сыр медиа» ЖШС-ның «Кызылординские вести» газетінің бас редакторы. Тимур Равильевичті ұжымдастары жауапкершілігі мол, мақсаттылық, талапшылдық сияқты қасиеттерді ұстанатын, алдына қойған міндеттерді іске асырып, жұмысты ұйымдастыра білетін іскер басшы ретінде таниды. Бос уақытында спортпен шұғылданып, шахмат ойнағанды ұнатады.

### Қаналиев Тасқынбай Әбдірахманұлы – «Қызылорда электр тарату тораптары» АҚ электрмонтеры

Тасқынбай Әбдірахманұлы оперативтік-шығу бригадасының жүргізуші-электрмонтеры бола тұра, автокран жүргізушісі қызметін және қажет болған жағдайда дәнекерлеу жұмыстарын қоса атқарады. Т. Қаналиев Сыр өңірінің электрмен жабдықталуы ісіне ерекше үлес қосқан азамат. 1990 жылдары кезең-кезеңімен электрден ажырату кезінде, Т. Қаналиев апаттарды болдырмау және оларды жою мақсатында тәулік бойы бригада құрамында жөндеу жұмыстарын жүргізді. 2013 жылы наурыз-мамыр аралығында саяжайларды электрмен қамтамасыз ету ісіне белсене қатысты. Осы жылдың маусымында қаланың Әйтеке би көшесінің өртеніп кеткен қосалқы станциясын ауыстыру бойынша жедел шаралар қабылдады. Сонымен бірге, биылғы жылы Қармақшы ауданындағы дауылдан құлаған 0,4 КВ, 10 КВ бағаналарды жөндеп, ауыстырып электр жарығын қосып, апаттар жойылуында Т. Қаналиевтың үлесі ерекше.



### Қаныбетов Оңталап Қаналыұлы – «Аста» ЖШС балықшысы, Арал ауданы



«Аста» ЖШС 2000 жылдан өз жұмысын бастап, балық аулаумен айналысып келеді. «Аста» ЖШС-да барлығы 47 адам, оның ішінде 40 балықшы және 4 егерь жұмыс жасап келеді.

Соңғы екі-үш жылдықта жоспар бойынша 3000 тонна балық аулаған. Ауланған балықтарды Арал қаласындағы Арал балық өңдеу зауыты және «Арал СДО» ЖШС балықпен қамтамасыз етіп келеді. Алдағы 2014 жылға 1100 тонна балыққа тапсырыс алып отыр.

### Пак Лилия Андреевна – Жалағаш аудандық орталық ауруханасының медбикесі



Жалағаш ауданындағы корей ұлтының өкілі Пак Лилия осы өңірде ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп келеді. 1972 жылы Жалағаш аудандық туберкулезге қарсы күрес диспансерінде еңбек жолын медбике болып бастап, ауданның денсаулық сақтау саласының дамуына зор үлесін қосты. Жаңалыққа құштар маман денсаулық сақтау саласындағы жаңа әдістемелер мен технологияларды күнделікті қызметінде пайдалана отырып, науқас жанның жанына шипа бола білді. Бүкіл саналы ғұмырын Сыр бойында өткізіп келе жатқан Пак Лилия қазақ жерін өзімнің Отаным деп сезініп, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениеті мен салт-дәстүрлерін құрметтеуде өзге ұлт өкілдеріне үлгі болып келеді.

### Оспанова София Дүйсенқызы – Сырдария аудандық орталық кітапханасының әдіскері



Оспанова София Дүйсенқызы әдістеме-библиографиялық бөлімнің әдіскері болып қызмет атқарып, жүйе кітапханаларындағы көптеген істердің ұйытқысы болып келеді. Өз қызметін ынтамен жүзеге асырады, ұжым мүддесі үшін атсалысып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі жанындағы кәсіподақ ұйымының комитет мүшесі, төрайымы міндеттерін атқарады. Сауатты, өз білімін үнемі жетілдіріп отырады. Еңбек еткен жылдары ішінде аудандық мәдениет бөлімі тарапынан бірнеше рет алғыстар мен мақтау қағазының иегері болды.

### Шайыхов Асылхан Абдрашитұлы – жеке кәсіпкер, Жаңақорған ауданы



Шайыхов Асылхан Абдрашитұлы 1993 жылдан бастап сауда саласында жұмыс жасап, елге кеңінен тұтынатын тауарларды көптеп әкеп және арзан бағамен сатуды ұйымдастыру арқылы кәсібінің өрісін кеңейткен. Сол кездері халыққа зәрулік тудырып отырған мәселені шешіп, алғашқылар қатарында аудан тұрғындары игілігіне 400 орындық «Айсұлу» мейрамханасын ашқан. Қазіргі кезде онда 20 адамдай жұмыс жасайды. Үш жыл бұрын салынған монша және сауна халық игілігіне тұрақты жұмыс жасап тұр. 2012 жылы іске қосылған наубайхана күніне 1000-1500 нан өнімдерін шығарады. Қос қабатты екі сауда нысанында азық-түлікпен қатар тұрмыстық бұйымдардың барлығы сатылып отыр. Онда 65 адамдай жұмыс жасайды. Кәсібінен басқа қоғамдық өмірге де қызу араласып келеді. ҰОС ардагерлеріне, әлеуметтік қолдауды қажет ететін жасөспірімдерге лайықты тарту-таралғы жасап, қайырымдылық шараларына атсалысуда.

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ атағымен

### Омаров Ернияз – медицина саласының ардагері



Омаров Ернияз денсаулық сақтау саласында ұзақ жылдар бойы қызмет атқарды. Өзін білімді, жақсы денсаулық сақтау ісінің ұйымдастырушысы ретінде көрсете білді. Жұмыс атқарған жылдары жақсы жетістіктерге қол жеткізді. Қызылорда қаласының қалалық ауруханасын көптеген жылдар бойы басқарып, бірнеше жақсы маман шәкірттер тәрбиеледі. Облыстық денсаулық сақтау саласында басқарған жылдары барлық емдеу алдын-алу ұйымдарының материалдық-техникалық базасының жақсаруына медициналық құрал-жабдықтармен толық қамтылуына өз үлесін қосты. Ұзақ жылдар бойы атқарған адал еңбектері үшін оған «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Денсаулық сақтау саласының қайраткері» атақтары берілген.

### Арыстанбаев Сабыр Шәймерденұлы – су шаруашылығы саласының ардагері



Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген гидротехнигі. 1953 жылы Алматы қаласындағы ауылшаруашылық институтын инженер-гидротехник мамандығы бойынша бітірген. 1962-1965 жылы Қызылорда су құрылысы мекемесінде бөлім бастығы, 1965-1966 жж. КСРО Су шаруашылығы министрлігінің жобалау-ізденіс экспедициясының бас инженері, 1967-1991 жж. Қызылорда облысы су шаруашылығы мекемесінің бас инженері, бастығы болды. Ол облыстағы су шаруашылығын автоматтандыру және механикаландыруды іске қосу, мелиорация жүйесін пайдалану тиімділігін арттыру және т.б. ауылшаруашылық жұмыстарына зор үлесін қосты. С. Арыстанбаев «Еңбек Қызыл Ту», Халықтар достығы ордендерімен және медальдарымен, 2012 жылы Қазақстан Республикасының су шаруашылығы саласын дамытуда қосқан елеулі үлесі мен қажырлы еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ АЛҒЫСЫМЕН

### Далханов Асқарбек Сұлтанбекұлы – «Даму» ЖШС директоры



А. Далханов Қызылорда қаласында алғашқылардың бірі болып автосалон ашқан мүмкіндігі шектеулі азамат, ІІ-топ мүгедегі. Ол басқаратын «Даму» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі шет елдердің, соның ішінде Ресейдің «ГАЗ», «УАЗ», «ВАЗ», «Павловский» және «Курганский» автобус зауыттарымен, Белорустың «МТЗ» және «МАЗ» зауыттарымен тікелей байланыс орнатып, жұмыс жасауда. Кәсіпорын облыста автобустар, жеңіл және жүк көліктері, коммерциялық автокөліктермен қатар, арнайы техникалармен (құрылыс техникасы, автокран, жүк тиегіш, бульдозер, жол құрылысы техникалары) жабдықтау жұмыстарын жүргізеді. Сонымен қатар, әлемдік бренд болып табылатын «Toyota» көліктерін тасымалдайды және сервистік қызметтер көрсетеді. Кәсіпорында 25 адам жұмыспен қамтылған. А. Далханов өзінің мүмкіндігі шектеулігіне қарамастан, еңбекке етене араласып, дені сау азаматтардан қалмай белсенділік көрсетіп отырады. Ол қоғамдық қорларға, мектептер мен балалар үйлеріне тұрақты түрде қайырымдылық көмек жасап келеді.



# Әлем таныған АСТАНА



Әр елдің болашақ тағдырын айқындайтын тарихи кезеңдері болады. Сондай кезеңдердің бірі – астанамыздың Сарыарқа төсіне ауысқан тұсы. Тәуелсіздік туы көгімізде желбіреген күннен бастап, еліміз үшін жаңа тарихтың басталғаны белгілі. Тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуы үшін Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев үлкен мақсаттарды алға қойды. Осы тұста Елбасының көкірегінде қайнап піскен, Елорданы Ақмолаға көшіру туралы идеясы да сол үлкен мақсаттардың бірегейі еді. Десек те, Елбасы бас қаланы Ақмолаға көшіру туралы бұл идеясы салған жерден іске асты деуге болмайды. Елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың әлі де оңала қоймаған тұсында астананы ауыстыру бастамасы қоғамнан бірден қолдау таппады. Бірақ Елбасының табандылығының арқасында ешбір кедергіге, кейбіреулердің күдіктеріне қарамастан Арқа төсінде әсем шаһар бой көтерді. Бүгінде «Елбасы. Тәуелсіздік. Астана» ұғымдары бір-бірімен қабысып кетті.

Жаңа Астана ұлттық идеяның ұйытқысына айналды. Астана Астана болған осынау жылдар ішінде қазақи болмысымызды, ұлттық мәдениетіміз бен өнерімізді жалпақ жұртқа паш етті. Қазақтың киелі төрі адамзат баласын бейбітшілік пен келісімге, түсіністік пен толеранттылыққа үндейтін әлемдік шаралардың орталығы болды. Сөйтіп, Есілдің жағасында, Сарыарқаның төсінде, інжу-маржандай Ақ Орда мен Бәйтеректі ұлықтаған «Әлем қаласы» атанып, көркімен де, келбетімен де төрткүл дүниені мойындатты. Бүгінде еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін Астанаға мақтанышпен қарайды, оны елдігіміздің, мемлекеттігіміздің нышанындай қабылдайды.

1994 жылдың 6 шілдесінде ҚР Жоғарғы Кеңесі сессиясында Президент ең алғаш рет еліміздің астанасын басқа қалаға ауыстыру туралы нақты идеясын ұсынды. Осы бір кезең туралы естеліктерде бірі былай дейді:

«Астананы көшіруді Қазақстанның жаңа талпынысының бір белгісі деп қарадым. Қаныш Сәтбаевтың айтқан сөзін де ескердім. Кейбір ақпарат құралдарына ұсыныс жасадым: «Осыны айтайықшы, жазайықшы, ел не дер екен?» деп. Әуелде ел онша елеңдей қоймады. Депутаттармен де сөйлестім. Олар да қозғала қоймады. Алматыға қарасақ, жағдай анау. Таудың қысына сыймай отырған қала, қыс ауасы көк түтін. Былай қарай шығайын десең, Қаскеленге тірелесің, мына жағында Талғар. Баяғыда Ақмешіттен көшіп келгенде Іленің бойына жаңа қала салмақ болған, вокзалының орнына дейін бар. Өте жақсы идея, бірақ жүзеге аспай қалған. Сонан болашақ астана бола алатын жерлерді қарастыра бастадым. Ел ортасы – Жезқазған. Жер жағдайы онша емес. Қарағандының да, Көкшетаудың да қарадық, айналып келгенде Есілдің бойында тұрған баяғы Геродот айтатын Батыстан Шығысқа баратын жолдың бойында жатқан Ақмолаға тоқтадық».

Астананы Алматыдан Арқа төсіне ауыстыру Қазақстанның тәуелсіз ел болғалы тұңғыш рет өз бетінше жасаған батыл шешімі болатын. Сонысымен де ол құнды еді. Бүгінде тоғыз жолдың торабында, Ұлы Жібек жолының күре тамырында бой көтерген Астана Елбасының бастамасымен ғасырлар тоғысында дүниеге келген ғажайыптардың бірі екеніне ешкім дау айта алмайды.

Ұлттық тарихымызда Арқа Әз Тәуке ханның жаз жайлауы болғаны айтылады. Біздің батырларымыз бен шешендеріміз, билеріміз бен хандарымыз Ақмола төңірегінде Ұлытауда, Қарқаралыда, Қараөткелде жиі-жиі бас қосып, азаттық үшін ұлы күресте елді болашаққа бастаған. Сондай-ақ, ХХ ғасырдың 50-жылдары ұлы ғалым Қаныш Сәтбаев Ғылым Академиясының ғимаратын Ақмолада салу туралы батыл пікір білдірген.

Қалада 1995 жылдың аяғынан бастап жаңа астананы тұрғызу жолында үлкен жұмыстар басталып кетті. Ақмоланың негізгі бөлігі Есіл өзенінің оң жағалауында орналасқан болатын. Ал жаңа құрылыс Есілдің сол жағалауында жүргізіле бастады. Бұл ТМД аумағында бұрын-соңды болмаған алып құрылыс алаңы болды. Қаланың бас жоспарын жасауға Президенттің басшылығымен әлемдік сәулет өнерінің атақты шеберлері қатысты. Олар – әлемге әйгілі жапон суретшісі Кисе Курокава, қазіргі заманның ұлы сәулетшісі ағылшын Норман Фостер, итальяндық шеберлер – Манфреди Николетти мен Максимильян Фуксас еді.

Бас қаланың тарихындағы айтулы күндер ел есінде мәңгі қалды. 1997 жылы 20 қазанда Республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы жарлыққа қол қойды. Сол жылы жаңа астанаға еліміздің рәміздерін көшірудің салтанатты рәсімі өтті. Астанада бірінші ашылған ескерткіштің саяси қуғын-сүргін құрбандарына арнаулы халқымыздың өткенге салауат, ертеңге аманат айтатын дәстүрін ұлықтады. 1998 жылдың 6 мамырында Президенттің «Ақмола қаласының Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы болып өзгертілгені туралы» Жарлығы шықты. 1998 жылы 10 маусымында жаңа астананың тұсауы кесілді.

Міне, содан бері бұл қала заманауи тұрпатты, сән-салтанаты келіскен ғажайып шаһарға айналды. Күн санап көркейген Астана еліміздегі экономикалық және саяси жаңғырулардың орталығына ғана емес, сонымен қатар, халқымыздың мәдени өмірінің темірқазығына айнала бастады. Мәселен, ғасырлар тоғысында дүниеге келген елордада 1996 жылы Елбасы өзінің жеке бастамасымен Еуразия ұлттық университетін ашты. Оған ХХ ғасырдың белгілі түркітанушы ғалымы Лев Николаевич Гумилевтің есімі берілді, білім ордасына қазіргі заманға сай білім беретін, еліміздегі жоғары оқу орындарының көшбасшысы болу міндеті жүктелді. Бүгінде аталған білім ордасы сол үдеден көрініп келеді.

Ал, 1997 жылы атауы «Конгресс Холл» деп өзгертілген Тыңгерлер сарайы бүгінде заманауи концерттік зал ғана емес, сондай-ақ, Астана қаласының басты мәдениет орталығының бірі болып саналады. Онда өткізілетін шаралар Қазақстанның жас елордасының мәдени, саяси өмірінің қалыптасу іргетасы ретінде тарихқа еніп отырады. Мысалы, 1999 жылғы Елбасын ұлықтау рәсімі, Рим папасының Астанаға сапары, Қазақстан Республикасы Президентінің алыс және таяу шетел басшыларымен кездесулері – осы оқиғалардың бәрі Конгресс-Холдың тарихына тайға таңба басқандай етіп із қалдыруда.

Астана Астана болған осынау жылдар ішінде Елордада көрген жанды қайран қалдыратын көптеген мәдени ескерткіштер, ғимараттар бой көтерді. Атап айтқанда, «Астана-Бәйтерек» монументі, «Бейбітшілік және келісім сарайы», «Хан шатыр» ірі сауда-ойын-сауық орталығы, «Нұр Астана» мешіті бүгінде барша қазақстандықтар мақтанышы десек, артық айтқандық емес. 1999 жылдың шілдесінде Астана қаласы ЮНЕСКО-ның «Әлем қаласы» сыйлығымен марапатталды.

Жаңа астана көркеюімен қатар, жоғарыда айтып өткеніміздей, оның саяси-мәдени салмағы да арта түсті. Елорда түрлі саяси-экономикалық, мәдени-көпшілік шаралардың алып алаңына айналды. Мәселен, Астанада өткен Еуропадағы ынтымақтастық пен қауіпсіздік ұйымының VII саммиті ел тарихындағы аса маңызды оқиға болды. Қазақ тарихында өз жеріне осыншама мемлекеттің өкілін жинаған емес. Астана саммитіне әлемнің 73 мемлекеті өз делегацияларын жіберді. Сонымен бірге, әлемдік беделді ұйымдар БҰҰ, Еуроодақ, ТМД, ЕВРАЗ Еуропадағы, ШЫҰ, ОДКД сияқты ұйымдардың басшылары мен өкілдері қатысты. ЕЫҚҰ саммитінің Астанадағы жұмысы туралы ақпаратты әлем жұртшылығы жылдам түрде баспасөз орталығы арқылы біліп отырды. 1200 журналистің 500-ге жуығы шетелдік журналист болды. Әлем халқы Астана саммитінен кейін Елорданы жер шарының маңызды қалалары: Хельсинки, Париж, Будапешт, Лисса-бон, Ыстамбұл сияқты қалаларының қатарына қоятын болды.

Ал, 2003 жылы Астанада өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезі де төл тарихымызда айрықша аталатыны белгілі. Съез қатысушылары құрамының көрнекілігі мен жоғары деңгейлігі конфессияаралық форум өткізу жөніндегі Қазақстан бастамасының жүзеге асуының даусыз табысына айналды.

Қазақстанның қос қаласы Алматы мен Астананың абыройын асқақтатып, қазақ ұлтын айдай әлемге паш еткен шараның бірі – 2011 жылы өткен VII Қысқы Азиада ойындары еді. Бұл шара біздің ел тарихындағы халықаралық деңгейдегі ең маңызды әрі ірі спорттық оқиғаға айналды. Азиада ойындарына арналып республиканың негізгі екі қаласында бірегей спорттық нысандар салынды. VII Қысқы Азиада ойындарына әлемнің 27 елінен мыңнан астам спортшы қатысты. Барлығы 69 медаль жиынтығы додаға түсті. Қазақстан осы қысқы Азиадада алтын медаль саны бойынша рекорд жаңартты және жалпыкомандалық есепте бірінші орынды жеңіп алды.

Жалпы алғанда, VII Қысқы Азиада ойындары Қазақстанның бейбітшілік пен келісім елі, азиялық және әлемдік спортта жетекші орталықтардың бірі ретінде халықаралық аренадағы беделінің арта түскенінің тағы бір дәлелі болды.

Еліміздің әлемді мойындатқан жеңістері мұнымен де шектелмейді. Мәселен, «EXPO-2017» көрмесін өткізуді қанжығасына байлаған Қазақстан өзінің мүмкіншіліктерін күллі әлемге тағы бір рет айғақтады. Дүниежүзілік көрме Қазақстанның атын шартарапқа танытып қана қоймайды, сонымен бірге ол жаңа мүмкіндіктерге жол ашпақ. 103 мемлекеттің қазақты қолдап, дауыс беруі, елдің осы жылдарда жеткен жетістігіне берілген бағасы еді. 2017 жылы бұл тойға 5 миллионға жуық шетелдік қонақ келеді деп күтілуде. Ендеше, бұл еліміздің туризм саласы дамуына да өз әсерін тигізеді деген сөз. Ең бастысы бұл тәуелсіз елімізді жарқын болашаққа бастар жол деп білеміз.

Жалпы, Астана – халқымыз үшін тәуелсіздік пен өсіп-өркендеудің алтын тұғыры. Президенттің перзентіндей болған Астанаға Елбасының идеялық еңбегі ғана сіңген жоқ, қаланы жасыл желекке көмкерген бас бағбаны да, ажарын сәнді еткен бас сәулетшісі де Мемлекет басшысы болды. Сондықтан да Елбасы мен елорда және тәуелсіздік ұғымдары бөліп-жаруға келмейтін тұтас ұғым. Ендеше, уақыттан оза шапқан бүгінгі Астана тәуелсіздігіміздің бойтұмары, біртұтас еліміздің ертеңге деген үкілі үміті мен сенімінің көрінісі, арманы мен тілегінің кепілі екені даусыз.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

# Дәстүрлі жырдың алтын арқауы



Сахнаға Алмас Алматов бастаған Сыр бойынан келген жыршы-термешілер шыққанда, көрермен ерекше ықылас білдіріп жататынына талай рет куә болдық. Қазақ даласындағы жыраулық дәстүрдің бірден-бір қайнарынан сусындаған шәкірттер Алмас ұстазына жыр бастатқызып, өздері Нұртуған, Тұрмағамбет, Нартайдың мақамдарын төгілткенде көрермен залындағы рухы асқақтаған ағайын "әп, бәрекелді", "әу де" деп, дем беруден жалыққан емес. Осындайда тарихи баянын сонау түркі дүниесінен алатын саф өнер оны тірнектеп жинаушылар мен тыңдаушылар барда ешқайда жоғалып кетпейтініне көзің жете түседі.

Алмас ағаның әкесі Нұрмақан қарияның қонақжай шаңырағы ел сыйлаған ақсақалдар мен есті әңгіменің кеніндей құймақұлақтар түсетін үй еді. Ол ескіше оқыған ғұламалар, молдалар мен мақсұмдардың сөзін тыңдап, қолына су құйған, кебісін қойып, батасын алған. Нәби, Сыдық жыраулардан кейін Машарап, Орақ, Шамшат, Әбдірәлі сияқты көшелі кісілердің көмейінен төгілген күміс жырға қанықты. «Қозы Көрпеш – Баян сұлуды» жаттаудан басталған құштарлық келе-келе Шораяқтың Омарының, Балқы Базардың жырларын түгелдей жадқа тоқуға ынталандырды.

Жеті атасынан жыраулық үзілмеген Кете Жүсіптің баласы Мұзарап жырауды көрді. Арабша, парсышаға сауатты жырау Машарап Әлиев өзі сияқты талапты балаларға киелі өнердің қыр-сырын үйретті. Сонау Жиенбай жыраудан бастау алған жыр бұлағының адуынды арнасы Көшенейді үлгі тұтты.

Жыр керуеннің көшбасшысы Алмас Алматовты қалың қазаққа, сырбойылықтарға таныстырып жату артық. Оның сахнаға шығып, терме-жырларды төгілтуі жыршылық дәстүрді жоғалтпау үшін жасап жүрген жанкешті еңбегінің бір парасы ғана. Ол жырауларды арнайы оқытып, кәсіби білім берудің, дәстүрлі мектептерді негізге ала отырып, тәрбиелеудің бастауында тұр.

"Жүз жыраудың Отаны" атанған Қармақшы топырағында туып-өскендіктен, мұғалімнің де, тракторшының да, егінші мен малшының да қолына домбыра алып, тамағын кенеп жыр бастағанын көзіміз көріп өсті. Бала көңілімізге бұл қалыпты құбылыс сияқты болып көрінетін. Сөйтсек олардың көкірегінде жыр бұлағы буырқанып жатқанымен, таланттарын ғылыми тұрғыда ұштай алмаған екен. Негізгі кәсіптері жыршылық өнермен әуесқойлық деңгейде ғана айналысуға мүмкіндік беріпті.

Алмас Алматов Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде 1998 жылдан бастап мемлекеттік стандартқа сай «Дәстүрлі музыкалық өнер» атты мамандықтың енгізілуіне, арнайы кафедраның ашылуына ұйтқы болып, жеті атасынан жыраулық үзілмеген сырбойылық талантты жастардың талабын ұштады. Алғашқы жырды атасы мен әкесінен естіген небір қыз-жігіттер жүрек қалауымен таңдаған мамандығы бойынша жоғары білім алып, бүгінде дәстүрлі өнердің шаңырағына уық болып тігілді. Олар Сыр сүлейлерінен қалған мол мұраны тірнектеп жинаған ғалымдардың ізін жалғады. Асыл қазынаның сабақты жібіне дейін шашау шығармай жинауға атсалысты. Диплом жұмыстарына жыраулық өнердің зерттелмей жатқан тұстарын арқау етіп, кем-кетігін толтырды.

Он бес жыл ішінде дәстүрлі музыкалық өнер кафедрасы шәкірттерді дәстүрлі күй, дәстүрлі ән, дәстүрлі жырдың тұнығына бойлатты. Қазақтың ауыз әдебиетін фольклоршылар бойлай зерттегенмен, даңғайыр жыршылар жырлаған дастандар мен қиссалар, жырларды түгендеуде есеміз кеткен тұстар баршылық. Ізіне өзіндік мектеп тастап кеткен атақты жыраулардың мақамдары бүгінгі жас жыршылардың аузында жүргенімен, өз дауыстарының сақталмағаны жыраулық өнердің бір бүйірін қоңылтақсытып тұрады. Бірақ қолда барды ұқсатуда, жыраулардың кейінгі буынынан, балаларынан жазылып алынған жырларды мәңгілік мұраға айналдыруда Алмас Алматов сіңірген еңбек өлшеусіз.

Алмас жыраудың шәкірттерімен шетелдерге барып қазақ жырының құдіретін танытып жүруінің өзі бір бөлек әңгіме. Сырттағы көрермен айтылып жатқан жырдың не туралы екенін түсінбесе де, ішкі қуатын, мақамның әралуандылығын аса құрметтейді. Өздерінің ежелгі мәдениетін сақтап қала алмаған еуропалықтар жыраулық дәстүрді жоғары бағалайды.

Шәкірттерін жыраулық өнердің шырқау биігіне қанаттандырған Алмас Алматов "Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер", "Мәдениет қайраткері", "Білім беру ісінің үздігі" деген атақтарға ие болған. Қазір Қазақ ұлттық өнер университетінің дәстүрлі өнер факультеті, дәстүрлі ән-жыр кафедрасының профессоры.

Жыр керуені небір асыл қазынаны алдағы күндерге жеткізу үшін ертеңге бет алып барады. Сол керуеннің басында Алмас Алматовтай азаматтардың болуы дәстүрлі өнердің өміршеңдігіне кепіл.

**Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.**



**Ол небары 24 жаста. Соған қарамастан, миллионер. Қазақстандағы алпауыттардың қатарында тұр. «Форбс» миллионерлерінің тізімінде енді ақтөбелік Марат Әбиев те бар. Бұл жайт көпшіліктің таңданысын тудырғаны рас. Кірісі - 11 млн. АҚШ долларын құрады.**

**Бәрі қалай басталып еді? Кейінге шегініс жасасақ... Қарапайым отбасынан шыққан Марат алғашқы миллионын 22 жасында қолына ұстады. Анасы Тамара - ұстаз, әкесі Жақсылық мұнай компаниясының инженері болып еңбек етті. Алайда, Мараттың жетістігін көру әкесіне бұйырмады. Ұлы кәмелеттік жасқа толғанда, әкесі өмірден озды. Бала кезден ата-анасының ақшадан тарыққан кездерін көріп, қиналған сәттерін сезіп өскендіктен еңбекке ерте араласты. Бүгінгі бағындырған белесін де Марат ерінбей еңбектенгеннің арқасы деп санайды.**

**Баюдың сыры неде деген сұраққа жауапты Мараттың «Қазақстандық арман» кітабынан табуға болады. Марат Әбиев - қазір «Отандық өндірушілердің құқығын қорғау» ассоциациясын басқарып отыр.**

**Кәсіпкерлікпен айналысу кімге пайдалы? Қалай миллионер атануға болады? атты кітабының тұсаукесері жақындағанда кейіпкердің өзімен әңгіме-дүкен құрғанбыз...**

## Марат ӘБИЕВ:

# АРМАНЫҢА БЕРІК БОЛ!

– Кітап шығару ойымда болған жоқ, Ақтөбедегі журналист апамыз «Сенің тәжірибең өте қызық, мүмкін соны қағазға түсірерсің» деген ұсыныс айтып, сол кісі көмектесті, – дейді Марат. Менің кітап жазудағы мақсатым - өзімнің білген-түйгенімді, кеңестерімді, бизнестегі тәжірибеммен замандастарыммен бөлісу еді. Кітапқа 10 жастан бастап 23 жасқа дейінгі кәсібімді жаздым. Себебі, қазір көптеген жастарға кәсіп, бизнес жасау қиын. Алайда басты мәселе – экономика мен ақшада емес, өзінде екенін түсіну керек. Егер алдыңа мақсат қойып, талпынсаң, соған әр уақытта жетуге болады. Тоқ етері – қанша сүрініп, қиналсаң да арманға берік болу керек.

Кітапта автор өз өмірін мысалға ала отырып, жазып шыққан. Уинстон Черчилль өзінің бірінші кітабын 8500 данамен шығарған екен, Марат та солай етпекші. Оның 7777-сі орыс тілінде, қалғаны қазақ тілінде шығады. Кейін ағылшын тіліндегісін де әзірлемекші.

– Жазушы қауымы маған «Марат, сен өзіңе өте сенімдісің, дегенмен, әуелі баспаға 2 мың данаға тапсырыс берсеңші» деген. Мен алған бетімнен қайтпай, тіпті, 20 мыңын шығарамын деп бәстесіп қойдым.

**– Бизнестегі қиындықтар туралы не дейсіз?**

– Кәсіпті ашу үшін қаражат керек. Егер ақшаң болмаса үлкен компания аша алмайсың. Қазір интернет қолданушылардың ойларын оқысам, «осы баланы сонша неге батыр қылады, ол да сатумен айналысқан ғой» деп жатады. Шын мәнінде, әр кәсіпкер шаруасын сауда-саттықтан бастайды. Кейін өндіріске көшеді. Өйткені ең оңайы, әрі көп ақша қажет етпейтіні де – алып-сату. Тағы бір айтқым келетіні – көпшіліктің қажет болған жағдайда заңға жүгінгісі келмейтіндігі. Ондай адамдарды өз басым жиі кездестірем, олардың айтатыны – «заңға жүгінгеннен еш пайда жоқ, өйткені сотың – көр-соқыр». Мен мүлдем мұндай көзқараспен келіспеймін, өйткені өз басымнан өткен соң айтып отырмын – сол заңға жүгінгеннің арқасында, білікті заңгерлердің арқасында әрі нақты министрліктердің қолдауымен, соның ішінде мұнай және газ министрлігінің көмегі зор, біз ылғи да қойған мақсаттарымызға жете білдік, әділетсіздікпен күресе білдік. Сондықтан «заң мен сотын көр-соқыр» деген теріс психологиядан арылу қажет деп санаймын.

**– Алғашқы миллионыңызды қалай таптыңыз?**

– Компьютерді жөндеуден кейін мен автокөліктерге бағыт-бағдар көрсететін GPS қондырғысын орнатумен айналыстым. Ресейдегі қондырғы шығаратын ірі зауытқа Қазақстандағы өкіл болайын деп ұсыныс айттым. Бірақ, диллерлік мәселе қызықтырмады оларды. Оған қоса, сол тетіктерді бірден 80 мың еуроға сатып алу керек болды, ал менде ондай қаражат болған жоқ. Жастығыма қарап, сенімсіздік танытқан да болуы керек. Келісім болмаған соң, ендеше мен «Евромобайл» брендін пайдаланайын деп рұқсат сұрадым. Ортақ шешімге келдік. Лезде «Евромобайлдың» атауына «Қазақстан» сөзін қосып, қазақстандық нарықта ресми түрде қызмет еттім. Өзім жеке серіктестік аштым. Тағы да жастығыма қарап, серіктестер баласынған соң, директорлық лауазымға егде жастағы апайды тағайындап, өзім сауда менеджері болып жүрдім. «Евромобайлды» ол кезде «Лукойл», «Газпром», «Роснефть» сияқты ірі компаниялар мойындаған еді. Сондықтан клиенттерге алдын ала 70 пайыз төлем енгізбесе, жұмысты жалғастырмайтынымды айттым. Соның арқасында бір жылдың ішінде менің кәсібімнің айналымы бір жарым миллионға жетті. Кейін «Евромобайл Қазақстан» деген компаниямды ресейліктерге сатып жібердім. Одан «KSP Steel» деген Павлодардағы зауыттың мұнай саласына қажетті құбырларын саттым. Ол жеті жарым мың жұмысшысы бар, үлкен зауыт болды. Алпауыттығына қарамастан, тауарының сатылымы мәз емес еді. 21 жасымда сол зауытпен жұмыс істемек болып едім, олар мені жас көрді. Оны шешу үшін компьютер жөндеп жүргенде таныскан өзінің компаниялары, қонақ үйлері бар кісіге мені өзінің компаниясының сенімді қызметкері ретінде таныстыруын сұрап, сол үшін пайдамның 5 пайызын беретін болып келістім. Бұл - бас тартуға болмайтын ұсыныс еді. Өйткені, бір тендердің құны миллиард теңге, ал жылдық айналымымыз 50 миллиардқа жетсе, сонда тек мені таныстырғаны үшін 5 пайызын алмақ.

Жалпы бизнестің басты құпиясы – адамдарға пайдалы болу, дейді Марат.

**– Қазір замандастарымның көбі жұмыссыз, ал жақсы қызметтерге тамыр-таныссыз орналасу мүмкін емес деп санайды? Сіздің пікіріңіз қандай?**

– Ол рас. Мысалы, менің шенеунік, басшы көкем болса, маған машина жуып, желілік маркетингпен айналысудың қажеті қанша? Шетелде білім алып, жақсы қызметтерде жүрмеймін бе?! Негізі өз құқығыңды білуің, заңды бұзбауың қажет және қандай қиын жағдай болмасын мойынсына бермей, одан шығудың амалын жасау керек. Мысалы, мынадай жағдай болды. Алматыда бүкіл өндірушілердің форумы өтті. Оған дейін мен мұнай және газ министрлігіне барғанда менімен сөйлескісі келген жоқ, өйткені мен қарапайым саудагермін (трейдер). Содан «KSP Steelдің» атын алып, өзімді заводтың өкілімін деп таныстырдым. Сонымен жаңадан тағайындалған «Контракт агенттігінің» бастығы Жан Нұрбековке барып, тендерге тапсырған құжаттарымды жыртып тастап, мені заңсыз түрде тендерден алып тастай беретіндігін айтып шағымданып едім, ол кісі «сен сол кезде хат жаза ғой, ал біз мұнай және газ министрлігімен барып тексеріс жүргіземіз» деді. Жалпы менің басты мақсатым жанжалдасу емес, келісу. Бірақ тендерге бардым, тағы да сол жартас. Бұл заңсыз ғой деп шағымданып едім, ендеше сотқа бар деп шорт кесті. Сосын агенттік бастығының айтқанындай-ақ жасадым, тендер өткізушілерге үлкен көлемде айыппұл салды. Сонда байқағаным, «министрлікте таныстарың бар екендігі жайында бірден неге айтпадың, оны білгенде бөлек мәселе болушы еді ғой» деп шықты. Демек, кейде «аға, көкелікке» салыну бар екендігін осыдан да көруге болады.

**– Сіз отандық өндірушілер қауымдастығының басшысы ретінде кәсіпкерлерді аяғынан шалатын жағдайлар туралы не айтар едіңіз?**

– Қауымдастық құрудағы мақсат – байланыс орнату. Өйткені, адам адаммен жұмыс жасайды, әр кәсіпкерге қолдау қажет. Қауымдастыққа фабрика, зауыттарды тегін кіргізе бастадым. Себебі, «жаяудың шаңы, жалғыздың үні шықпас» дейді ғой. Қауымдастықтың тиімділігі – жалғыз менде ғана проблема болса, ол жеке шаруаң болып есептеледі, егер 20 заводта проблема болса, ол тамыры жайылып кеткен мәселе. Демек, заңға өзгерістер енгізу керек. Тағы бір ескеретін жайт, мен мұнай және газ министрлігіне хат жазсам, оның көшірмесін басқа министрліктерге де жіберіп отырдым. Ең біріншіден, мен өзімнің шаруаларымды шешкім келді. Ал мұнда менікімен қатар басқаларының да мәселелері шешілді.

**– Қазір немен айналысып жүрсіз?**

– Ақтөбеде кірпіш өндіремін және құбыр сатумен айналысамын. Қарамағымда 250 адам бар. Зауыттың ашылғанына 7 айдан асты. Қазір Ұлыбританияда, Пәкістанда, Мәскеуде, Қытайда, Түркияда, Әзірбайжанда компанияларым бар. Иранда бір өндірісімді ашсам деген жоспарым бар. Болашағымды айтып, көлгірсігім келмейді. Өйткені, жоспарың өзгеріп кетсе, өтірікші атануың мүмкін.

**– Қайырымдылыққа қалайсыз? Сізді атымтай Жомарт деуге бола ма?**

– Менің арғы атам Абай Құнанбаевтың әкесімен бірге қажылыққа барған, көзі ашық, зиялы кісі. Темір ауданында мешіті бар, соған жөндеу жасауға ұйытқы болдым. Жер сілкінісі кезінде Иран халқына көмек көрсеттік. Кітап сатудан түскен қаржы да қайырымдылыққа бағытталады. Балаларына ота жасауға көмек сұрағандар бар, оларға да қолұшын беруге дайынмын. Өзім қайырымдылықты жарнамалағанды жаным сүймейді.

**Нұрсұлу МЫРЗАХМЕТОВА.**

**Қазақ халқының әйел затына деген құрметі ерекше. Ұлтымыздың «қыз өссе – елдің көркі» деп, аруларға төрден орын сайлап, лайықты ілтипат көрсететіні, олардың тәрбиесіне жіті мән беретіні демократиялық құндылықтардың далалықтардың болмысымен бітеқайнасып кеткенінен хабар беріп тұр.**

# ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН

Қазақ елі тәуелсіздік алған тұста өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде орнықтыра отырып, оның ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп шегеледі. Сондай-ақ, ҚР Конституциясының 14-бабында «Барлық адам заң мен сот алдында тең» екенін айқындады. Осылайша Қазақстан азаматтардың жынысы бойынша құқықтарының шектелуіне жол бермей, ұлт танымындағы нәзік жандыларға қатысты қалыптасқан қазық-қағидаларды заңға көшірді.

Ел Президенті Н.Назарбаев әйелдерге ерекше қамқорлық көрсетілуі керектігін үнемі еске салып отырады. Елбасы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты тарихи Жолдауында «Мемлекет үшін және менің жеке өзім үшін де ананы қорғау – ерекше мәселе» деп атап көрсетіп, «бойжеткен, әйел заты әрдайым біздің қоғамның тең құқылы мүшесі, ал ата – оның ең ардақты тұлғасы» екенін айтты.

Жалпы Қазақстан БҰҰ-ның Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияға 1998 жылы ұсынылғаны белгілі. Содан бері аталған конвенцияны іске асырудың нақты шаралары қабылданып, ерлер мен әйелдердің іс жүзіндегі әлеуметтік теңдегіне қол жеткізу бағытындағы жұмыстар жалғасын тауып келеді. Оның дәлелі – Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы, «Ерлердің және әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңдар қабылданып, бұл бағытта бірқатар өзге де маңызды қадамдар жасалды.

ҚР Қылмыстық кодексіне сәйкес әйелдерді кемсіту қылмыстық жазаға тартуға негіз болатын әрекет ретінде бағаланады. Дегенмен, тәжірибеде әйел затын жынысы бойынша кемсіту фактілерінің белең алмағанын байқаймыз. Әлбетте, өз құқығын қорғау үшін сотқа жүгінген әйелдің іс жүргізу құқықтарын жүзеге асыруда қысым көрген кезі жоқ.

Ескеретін жайт, әкімшілік және қылмыстық сот жүргізуде әйелдерге қатысты бірқатар жеңілдетілген нормалар белгіленген. Мәселен, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 55-бабына сәйкес әкімшілік жаза жүкті әйелдерге және балалары он төрт жасқа толмаған әйелдерге қолданылмайды. Ал аталған Кодекстің 61-бабында жүкті немесе үш жасқа дейінгі баласы бар әйел адам әкімшілік құқық бұзған жағдайда жауапқа тартудың жеңілдетілген түрі қарастырылған. Сондай-ақ, Қылмыстық кодекстің 48, 49-баптарына сәйкес өмірлік бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы сияқты қылмыстық жазаның ең ауыр түрлері әйелдерге тағайындалмайды.

Жоғарыда көрсетілген жеңілдіктердің барлығы шындап келгенде әйел затының мүддесіне лайықталып жасалғаны анық. Бірақ, бұл осы бағыттағы атқарылып жатқан істердің бір парасы ғана деп қабылдаған орынды. Себебі, елімізде әйелдерді саяси және экономикалық ілгерілету, олардың денсаулығын сақтау, отбасылық қатынастарда гендерлік теңдікке қол жеткізу және т.б. принциптер негізінде бағдарлы жұмыстар үздіксіз жүргізіліп келеді.

**Д.АЙСЫНОВ,**
**Қызылорда қалалық сотының жетекші маманы.**

# ЕГЕМЕНДІК – ЕЛ БАҚЫТЫ

**Тәуелсіздік мерекесі еліміздің түкпір-түкпірінде тойлануда. Айтулы мерекені Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті де атап өтті. Өткен жұмада Студенттер сарайында «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік!» атты салтанатты кеш болды.**



Мерекелік шараны университет ректоры Қылышбай Бисенов ашып, жиналған көпшілікті Тәуелсіздік күні мерекесімен құттықтады.

– Құрметті әріптестер! Сіздерді 16 желтоқсан – Тәуелсіздік мерекесімен құттықтаймын! Ел тәуелсіздігі адамзат тарихындағы қасиетті де қастерлі ұғым. Бұл күн – бүкілхалықтық мереке, әрбір қазақстандық мақтаныш тұтатын ерекше күн. Осындай бейбітшілік аясында өмір сүріп жатқан біздер бақытты елдің ұрпағымыз. Сондықтан да барлықтарыңызды мерекемен құттықтай отырып, отбастарыңызға амандық, еңбектеріңізге шығармашылық табыс тілеймін,-деді.

Мұнан кейін жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін университеттің бірқатар оқытушы-профессорлары «Қорқыт Ата атындағы Алтын медаль» төсбелгісімен, оқу үдерісін ұйымдастыруда қызметтік міндеттерін жауапкершілікпен атқарған қызметкерлер мен 2012-2013 оқу жылындағы университеттің профессор-оқытушылар құрамының білім беру қызметіндегі рейтингісінің нәтижесі бойынша да бір топ оқытушылар марапатталды. Шара соңы мерекелік концертке ұласты.

**М.ОТАРАЛЫ.**



# ТӘУЕЛСІЗДІК ПЕН ЕЛБАСЫ – ЕГІЗ ҰҒЫМ

**Тәуелсіздік– қазақтың ғасырлар бойы аңсаған арманы. Егемендік дегенде, басқа даулы, дүдамал мәселелердің барлығы сап тыйылу керек. Егемендік ендігі біздің ұранымыз болуы шарт. Себебі бұл күннің мәні мен маңызына басқа ешқандай атаулы күн жетпейді.**

Тәуелсіздікпен қатар дүниеге келген, өзге бір халық тарапынан кемсітушілік көрмеген қазіргі буын бұл күннің қадірін жете түсінбеуі мүмкін. Ал біз сияқты отаршылдықтың ауыртпалығын көрген аға буын үшін егемендіктің мәні айрықша. Сондықтан тәуелсіздікке қол жеткізу мен үшін үлкен бақыт. Біздің ендігі мақсатымыз –осы егемендікті ұстап қалып, сын-сағатта елдігімізге сызат түсірмеу. Бұл қазіргі қазақстандықтарға жүктеліп отырған міндет. Тәуелсіздік алдық деп арқаны кеңге салуға болмайды. Бүгінгі таңда жар астында әр қадамыңды аңдып, шалыс басқан сәтіңді күтіп жатқан жау көп. Сол себепті біз ішкі татулық пен бірлігімізді нығайтып, отаншылдығымызды күшейтуіміз керек. Тәуелсіздіктің тірегі–отаншылдық. Елбасының қолға алған істеріне қолдау білдіріп, сенім арта білуіміз тиіс. Өйткені, мемлекет басшысының бастамасымен бүгінде көптеген игі істер жүзеге асып, халықтың әлеуметтік жағдайы айтарлықтай жақсарды. Білім, ғылым, денсаулық сақтау саласы да зор жетістіктерге жетіп, кейбір елдерде жоқ игіліктерге қол жеткізудеміз. Осының барлығы азаттықтың арқасы. Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

**Өтеген ҚОЖАНОВ,**
**Тасбөгет кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы.**

**Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады. Дәуір жасампаздығы сенімді және серпінді дамуға байланысты. Жиырма жылдан астам уақыт ішінде елдің әл-ауқаты көтеріліп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасалды. Бүгінде қай саланы алып қарасақ та ілгерілеу бар.**

# БИІК МҰРАТ

Тәуелсіздік– біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Соның арқасында тарихымызды түгендеп, тілімізді, дінімізді қайта оралттық. Мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданып, ұлттық-салт дәстүрімізді жандандырдық. Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан біз үшін ең қастерлі күн. Қазір қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманда өмір сүріп жатырмыз. Бұл – кез келген мемлекеттің жете бермейтін жетістігі.

Тарихи маңызы зор мемлекеттік мерекеге биыл 22 жыл толғалы отыр. Осы уақыт аралығында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанды халықаралық аренада жаңа деңгейге көтерді. Тұңғыш Президентіміздің сарабдал саясатының арқасында тәуелсіз Қазақ елі қалыптасып, тарихымыз түгенделді. Ортақ Отанымыздың шынайы егемендігін қамтамасыз еткен маңызды мемлекеттік актілерге қол қойылды. Жас мемлекетіміз тәуелсіздік алған жылдарда ЕҚЫҰ, ИЫҚ, ҰҚШҰ секілді іргелі ұйымдарға төрағалық етті.

Бүгінгі Қазақстан – әлемдік аренадан өз орнын ойып алған, Азия мен Еуразияны мойындата білген өжет елдің мекені. Қазақ мемлекеті өз тәуелсіздігін алғаннан бері әлемдік қауымдастықтың біразына мүше болды. Елдің абыройын, ұлан-байтақ жеріміздің тұтастығын қорғайтын құжаттар мен шарттарға қол қойылды. Тәуелсіздік алып келген жетістік те, оң өзгерістер де мол. Тәуелсіздіктің ең басты жетістігі–еркіндік! Еліміздің еркін өміріндегі бүгінгі табыстарының бәрі де тәуелсіздіктің нәтижесі.

**Ерлан СӘРСЕНБАЕВ,**
**Болашақ колледжі тарих пәнінің оқытушысы.**

● МЕМОРАНДУМ

# ӨҢІР ИГІЛІГІ ЖОЛЫНДАҒЫ ИГІ БАСТАМА

Жуырда екінші автоматтандырылған газ тарату стансасының іске қосылатындығын айтқан болатынбыз. Осы орайда, өткен бейсенбіде облыс әкімдігі мен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ арасында өзара ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылды.

«ҚазТрансГазАймақ» АҚ-ның инвестициялық қаржысы арқылы қолға алынған бұл меморандум аясында облыстың Арал, Байқоңыр қалалары, Әйтеке би, Жақсықылыш, Сексеуіл елді мекендері газбен қамтылады. Сондай-ақ, 2014 жылы газ тарату жүйесіне енгізілмей қалған жеке тұрғын үй секторларының учаскелеріне газ құбырын жүргізу қолға алынатын болады. Сонымен қатар, «Бейнеу-Шымкент» магистральды газ құбырына қосылатын «Арысқұм» магистральды газ құбыры салынбақшы. Аймақта ірі әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы тұрғындарды көгілдір отынмен қамтамасыз етуде «ҚазТрансГазАймақ» АҚ-ға үлкен жауапкершілік артылуда. Осы ретте, облыс әкімі Қырымбек Көшербаев өңір инфрақұрылымының дамуына қосқан үлесі үшін аталмыш мекеменің бас директоры Қайрат Шәріпбаевқа Сыр елінің атынан алғысын білдірсе, ел игілігі жолында жасалып жатқан бұл бастамаға облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шаухаманов та ризашылығын жеткізді. Өз кезегінде «ҚазТрансГазАймақ» АҚ-ның бас директоры Қ.Шәріпбаев іргелі істе ауызбірлікпен жұмыс атқаратынын, тұрғындардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының жақсаруына көмек көрсететіндігін айтты.

**Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.**

# ЖАС ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

Облыстық прокуратурада Тәуелсіздік мерекесіне орай салтанатты шара болып өтті.

Оған прокуратура ардагерлері, құқықтық саланың озық қызметкерлері және журналистер қатысты.

Жиынды ашқан облыс прокуроры Сапарбек Нұрпейісов: "Қазақ халқы тәуелсіздік жылдарында босағасын бекемдеп, берекесін арттырған айшықты жетістіктерге жетті. Бүгінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2050 жылға дейін белгілеп берген айқын бағыттарын басшылыққа алып, жарқын болашаққа қарай қадам басып келеміз. Бұл сапта прокуратура органдарының да атап айтарлық табыстары мол" – деп атап өтті.

Прокуратураның аппарат басшысы Серік Шотаев тақырыпты толықтыра түсіп мазмұнды баяндама жасады. Сонымен бірге "Нұр Отан" ХДП облыстық филиалы төрағасының орынбасары Өлмесхан Болатбеков те өзінің мерекелік лебізін білдірді.

Мұнан соң бір топ сала ардагерлері мен құқық қызметкерлері тұңғыш прокурор С. Есқараевтың мерейтойы құрметіне шығарылған медальмен және облыс әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталды. Мұндай марапатқа сала жұмысын жемісті насихаттай білген БАҚ өкілдері де ие болды.

Жиын соңында жас қызметкерлер ант қабылдады. Шара мерекелік концертпен, онан әрі ақ дастарқан мәзірімен қорытындыланды.

**Д. АЯШҰЛЫ.**

# ҮЕҰ – БИЛІК ПЕН ХАЛЫҚ АРАСЫНДАҒЫ АЛТЫН КӨПІР

Ең басты құндылығымыз– тәуелсіз ел болуымыз. Біз осы күнге бейбіт түрде қол жеткізіп, елімізді әлемнің өркениетті мемлекеттерінің қатарына қостық. Еліміздің тәуелсіздігі – ата-бабамыздың асқақ арманынан туындаған, бүгінгі ұрпақ қол жеткізген ұлы жеңіс. Қазақ елінің басына бұл ғасырдың тартқан сыйы мен тартуы да мол, қайғы мен қасіреті де аз емес. Қаншама қиындықты бастан өткерсе де, еліміздің бар мақсаты халық болып бірігіп, тәуелсіздікке қол жеткізу болатын. Ұлы байтақ жері, еркін халқы бар үлкен мемлекеттің өзгеге ұқсамайтын тарихы, қалыптасу, даму жолы да ерекше болды.

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап елімізде азаматтық қоғамның негізі болып саналатын үкіметтік емес ұйымдардың дамуына саяси-құқықтық жағдайлар жасалып келеді. Осы уақыт аралығында азаматтық қоғам дамуының бағыттары мен шарттарын айқындаған тұжырымдама да қабылданды. Бүгінде билік пен халық арасындағы байланыс көпіріне айналған ҮЕҰ қоғамның кез келген мәселесін шешуге ықпал етуде. Биліктің үкіметтік емес сектормен қарым-қатынасында оң өзгерістер орын алды. Қазіргі күні ҮЕҰ-ны белгілі қоғамдық күш ретінде қабылдауға болады. Олардың көпшілігі өңіріміздегі маңызды қоғамдық-саяси науқандардан тыс қалмайды. Қоғамда ынтымақ, ауызбіршілік, тұрақтылық болуына өз үлестерін қосып келеді.

**Мұрат ЖҰМАДІЛДАЕВ,**
**«Жігер» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.**

# ЕРТЕҢІ НҰРЛЫ ЕЛІМНІҢ

Осыдан 22 жыл бұрын әлем картасында Қазақстан атты жаңа мемлекет пайда болды. Тарих жылнамасындағы сан ғасырға бергісіз қас-қағым сәт қазақ халқын барша әлемге танытты, танытып қана қоймай әлем елдерінің бас қосқан алқалы жиынында айшықты ойы мен аталы сөз арқылы төрелік еткізді, ел еңсесін көтерді, рухын асқақтатты. Сондықтан да Тәуелсіздік күні жас мемлекетіміз үшін – біртұтас елдіктің, ынтымақтастық пен татулықтың, болашаққа деген сенімді үміттің мерекесі.

Әрине, елді бір мақсат жолына ұйытқан бірлік, бүгінгі берекелі тірлік бір күнде орнай қалған жоқ. Нұрсұлтан Әбішұлының жас мемлекетті соқтықпалы, соқпақты жолдан аман алып өтіп, өркениет көшіне қосқан еңбегі Тәуелсіздік жылнамасының алғашқы парағына жазылып қалды.

Қазақ халқымен бірге әр түрлі этностардың да Отаны болып табылатын біздің еліміз бүкіл әлемге қоғамдағы татулық пен ынтымақтастықты сақтаудың, әр түрлі ұлттық мәдениеттер мен діндердің үйлесімді дамуына қамқорлық жасаудың жарқын үлгісін көрсетіп берді.

**Г.БАЙҒАБЫЛОВА,**
**И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық колледжінің оқытушысы.**

● 17 ЖЕЛТОҚСАН – ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖАҢАРУ КҮНІ

# ЖЕЛТОҚСАН ЖЕЛІ ЫЗҒАРЛЫ

Тамырсыз ағаш, тарихсыз халық болмайды. Жақсысын асырып, жаманын жасырып өктемдеу – тарихқа жасалған қиянат. Халық өзінің өткен тарихын бар қайғы-қасіретімен, қуаныш-сүйінішімен, жеңіс-жеңілісімен бірдей қабылдауы шарт. Себебі, ол – тұтас құбылыс. Қазақ халқы өзінің қалыптасу жолында талай тар жол, тайғақ кешулерден өтті. «Біз – қазақ, ежелден еркіндік аңсаған...» дегендейін, халыққа бірде қайғылы, шерлі мұң сыйлаған, бірде айбынды, азат, рух берген тарихтағы әрбір оқиға, әрбір шайқас азаттыққа жасалған бір қадам болып келді. Үш ғасыр бойы орыс империясының құрсауында болған қазаққа, әсіресе, соңын соңғы Кеңестер одағы кезіндегі жетпіс жылы ауыр тиді. Қазақ халқы өзінің тілі мен дінінен, ділі мен ұлттық болмысынан, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан алшақтап, мәңгүрттене бастады. Ел зиялылары мен жанашырларының жанайқайы қызыл империя саясатының құрсауында тұншықты. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы ғасырлар бойы қазақ халқының басынан өткен соқтықпалы соқпақтың ең соңғы және ірі адымы болды. Жылдар бойы сыздаған жараның аузы жарылды. Оған Қазақстан Республикасының басшылығына Г.В.Колбиннің бар-жоғы 18 минутта жасырын әрі халықтың намысына тиетіндей жағдайда тағайындалуы түрткі болды.

Кеңестік дәуірдің тоталитарлық-әміршілдік өктемдігіне қарсы бейбіт жағдайда наразылық білдірген қазақ жастары М.С.Горбачевтің «қоғамды демократиялық бағытта қайта құру» саясатына сенгендіктен осындай қадамға барған еді. Онда мемлекеттік құрылысты құлатуға, ұлт араздығын қоздыруға байланысты ұрандар айтылған жоқ. Жиналған жастар заңды да, қоғамдық тәртіпті де бұзбады. Олар тек Орталық партия комитеті пленумының асығыс қабылдаған шешімімен келіспейтінін білдірген. Орталық саяси-бейбіт шеруді өздеріне төнген қауіп санап, оларға қарсы күш қолданумен жауап берді. Алматыға орталықтың ішкі әскери бөлімдері келтіріліп, олар сойыл, саперлік күректермен, қызмет иттерімен қаруланып, наразылықты қуып таратуға бел шеше кірісті. Наразылық білдірушілер мен қарулы күш арасында қақтығыстар туындап, түрлі оқиғалар орын алды. Жастар шеруін басып-шаншуға байланысты құқық қорғау бөлімдері заңдылықты өрескел бұзып, ұсталғандарды ұрып-соқты, тепкіледі, жиналғандарды автокөлікке тиеп, қала сыртына апарып тастады, су шашты, уақытша ұстау орындарындағыларды бірнеше күн аш ұстады. Орталықтың партиялық-бюрократиялық құрылымы тарапынан Желтоқсан оқиғасы экстремистік пиғылдағы ұлтшыл жастар тобының бүлігі деп бағаланып, оған «қазақ ұлтшылдығы» деген айып тақты.

Іс бұнымен де шектелмеді. Орталық Комитеттің нұсқауларына сәйкес Қазақстан аумағында Желтоқсан оқиғасына қатысушыларды жазалау, қудалау үрдістері жаппай жүзеге асырылды. Олардың үстінен қылмыстық іс қозғалды, тергеу қысқа мерзімде үстірт әрі айқын айыптау бағытында жүзеге асырылды. Сол кезеңде республикада 707 адам әкімшілік қамауға алынып, 99 адам сотталған, 57 адам партия қатарынан шығарылып, 210 адам партиялық жазалауға іліккен, 758 жас комсомол қатарынан, 266 студент жоғары және арнаулы орта оқу орындарынан шығарылып, 1164 жас комсомолдық жазаға тартылған. Желтоқсан оқиғасынан кейін қазақ жастарын жоғары оқу орындарына қабылдау да қиындай түсті. Мәселен, 1985 жылы Қарағанды жоғары милиция мектебі абитуриенттерінің 61 пайызы қазақ болса, келесі жылы оның саны 27,5 пайызға дейін кеміген. 1987 жылы 90 мыңнан астам қазақ жастары өзге республикаларда жұмыс істеуге мәжбүр болған.




Өткенге салауат айтып, болашақтан көп үміт күтетін қазақ халқы ақиық ақын Мұхтар Шаханов төрағалық еткен комиссия жұмысына үлкен сенім артты, көптің үміті ақталды. 1990 жылғы қыркүйекте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы қаулы қабылдап, онда қазақ жастарының 1986 жылғы 16-18 желтоқсандағы бой көрсетуі ұлтшылдық сипат алмағанын және бастапқы сатысында заңға қайшы болмағанын атап өтті. Осыдан кейін сол кездегі республика партия комитетінің бірінші хатшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей араласуымен, ұсынысымен СОКП Орталық Комитетінің қаулысындағы «қазақ ұлтшылдығы» деген айыптау алынып тасталды.

Ақын М.Шаханов «Желтоқсан көтерілісі– ғасырлар бойы жиналған ашу-ыза жарылысы. Яғни, біздің халқымыздың тіл мүддесі, рух мүддесі – осының бәрінің қосындысы ашу-ыза тудырғаны шындық. Қазақ халқы орыстардың қол астында бола отырып, азаттық пен тәуелсіздікті аңсау кезінде әр түрлі деңгейдегі үш жүзден астам ұлт-азаттық көтерілісін өткізді. Соның қорытындылаушысы, егемендікке бастағаны – Желтоқсан көтерілісі» деп атап көрсеткен болатын-ды. Демек, Желтоқсан оқиғасы – елді, бүкіл Кеңестер одағын елең еткізген айтулы оқиға, Қазақ тарихында мәңгі қалатын, өзіндік орны бар көтеріліс. Сондықтан елдің әрбір азаматы 16 желтоқсанның қасіретті күн екенін жадында ұстап, әрі Тәуелсіздікке қол жеткізу жолындағы талпыныстардың ақталған күні екендігін сезінуі шарт. Ғасырлар бойы аңсаған азаттыққа қол жеткен күн ретінде атап өтіп, әрі Желтоқсан құрбандарына тағзым ете жүру де керек. Өйткені, қазақ халқының ары да, мақтанышы да – Желтоқсан. Ол қазақта Қайрат, Ләззат, Ербол секілді жігерлі, қайсар рухты талай жастың бар екенін дәлелдеді. Ызғарлы желтоқсан желі тоңдырса да, суық күнде өздеріне автомашинамен су атқыланса да Қазақ жастары өздерінің ұлттық, азаматтық рухына дақ түсірмеді. Олардың аңсаған арманы араға бес жыл салып жүзеге асты. Желтоқсан оқиғасына қатысушылардың ұлттық рухының биіктігіне бас ие отырып, олардың қанымен, көз жасымен келген Тәуелсіздікті құрметтей білейік, ағайын!

**Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.**

## ТАҒАЙЫНДАУ



Өткізілген конкурс нәтижесі бойынша облыс әкімінің 2013 жылғы 12 желтоқсандағы өкімімен Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы лауазымына **Күмісқожаев Ербол Серікбайұлы** тағайындалды.

Ербол Серікбайұлы 1986 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін философия мамандығы бойынша бітірген. 2010 жылы осы университетте философия магистрі атанған.

Еңбек жолын 2009 жылы Алматы қаласының ішкі саясат басқармасының Жетісу аудандық аумақтық бөлімінің жетекші маманы болып бастаған. 2009-2011 жылдары Алматы қаласының ішкі саясат басқармасының бас маманы қызметін атқарған. 2012 жылдың қазан айынан бастап осы кезге дейін Алматы қаласының ішкі саясат басқармасының қоғамдық-саяси жұмыс бөлімінің басшысы лауазымында қызмет атқарып келді.

***



Өткізілген конкурс нәтижесі бойынша облыс әкімінің 2013 жылғы 12 желтоқсандағы өкімімен **Бәйімбетов Марат Серікбайұлы** Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.

Марат Серікбайұлы 1967 жылы Шиелі ауданында дүниеге келген. Білімі жоғары. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетін – заңгер, «Болашақ» университетін қаржы және несие мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1986 жылы Шиелі локомотив деposында слесарь-электрик ретінде бастаған. 1993-2002 жылдары Шиелі кенті әкімшілігінің референті, аға инспекторы, аудан әкімі аппаратының заңгері, 2002-2005 жылдары облыс әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің бас маманы, ҚР Орталық сайлау комиссиясының Қызылорда облысы бойынша кеңесші-уәкілі, 2005-2007 жылдары Шиелі аудандық кәсіпкерлік бөлімінің бастығы, Шиелі ауданы әкімінің орынбасары, 2007-2013 жылдары Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы бастығының орынбасары, басқарма басшысы қызметтерін атқарған.

2013 жылдың шілде айынан осы кезге дейін Қызылорда облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары – жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөлімінің басшысы қызметін атқарып келді.

# ТАРИХТА МӘҢГІ ҚАЛАР ОҚИҒА

Теледидардан, радиодан «Қара бауыр қасқалдақ» әнін естісем, сонау 86-шы жылғы Алматы қаласындағы қанды қырғын қаз қалпында есіме түседі. Көз алдымда болған соң ба жүрегім ауырады. Ол кезде Еңбек Қызыл ту орденді Ауыл шаруашылығы институтында оқитынмын. Біздің жатақхана алаңға тым жақын орналасқан-ды. Қасымдағы Алмас, Абдулла атты жігіттермен алаңға шықтық. Алғашқы күн тыныш өтті. Екінші, яғни 16 желтоқсан күні онсыз да әскерилермен қоршалған алаңға Балтық жағалауы республикалары мен Ресейден келген арнайы жасақтар топ-тобымен түсіп жатты. Кейін мәлім болғанындай, бұл КСРО ІІМ-нің бұйрығы негізінде арнайы дайындалған «Құйын-86» операциясын жүзеге асырушылар екен. Олар қарсы кездескендерді қолдарындағы қысқа темірлермен жайпап, құлағандарды ұл-қызына қарамай, тепкілей бастады. Қыздарды шашынан сүйреп, арнайы машинаға тиеді. Ауыздарынан ақ ит кіріп, көк ит шығып жатыр, естісең денең түршігеді. Қазақ жастары олар үшін нағыз жауыз, нашақор, маскүнем секілді. Құр қол жастардың мұздай қаруланған әскерге қылар қайраны шамалы, алысып, жұлысып жүріп бас сауғалағандар, қыздарды қауіпсіз жаққа жетектеп бара жатқандар... Алаң үсті қым-қиғаш, біреуді біреу біліп болмайды. Бір қызды шашынан сүйреп бара жатқанын көріп шыдап тұра алмадық, арашаға түстік. Жан-жақтан соққы жауып кетті. Есімді жисам, Алатау аудандық ішкі істер бөлімінің түрмесінде жатыр екенмін. Екі жігіт те қасымда. Топ жетекшісі өзі келіп, шығарып алды. Бір жылдан кейін Желтоқсанға қатысушыларды тазалау кезінде оқудан шығарылдық. Кейін бәрі де қалпына келтірілді.

Менің айтайын дегенім, Желтоқсан көтерілісіне қатысқан жастардың бойындағы ұлттық, азаматтық рухтың мықтылығы еді. Шашынан сүйреп бара жатса да бір қыздың «Қазақ еліне қазақ басшы болуы керек» деген сөзі әлі құлағымда жаңғырады. Сосын жастардың бір-біріне деген жанашырлығы, бауырмалдылығы еді. Алаңнан салынып жатқан құрылыс арасымен бас сауғалаған жастардың терең қазылып, үшкір темірлермен қоршалған орларға алдымен өздері түсіп, жоғарыдан қыздарды абайлап түсіріп алғаны, оларды ор ішімен жетектеп жүруі жүрек толқытарлық көрініс-ті. Ол кезде мән бермедік, солай болуы тиіс секілді. Енді ойлап отырсам, осының бәрі адам бойында қиын сәтте бой көтеретін ұлттық рух, биік адамгершілік қасиет екен. Желтоқсан қаһармандарының бұл көтерілісі бабалар аңсаған азаттыққа бастаған алғашқы қадам болып тарихта мәңгі қалатыны хақ.

**Бақыт КЕНБАЕВ,**
**Қызылорда политехникалық колледж директоры.**

# «КЕЗЕКТЕГІ» ӨЗГЕРІСТЕР»

**«Қолжетімді тұрғын үй-2020» мемлекеттік бағдарламасы бойынша пәтер алушылар кезегі саудагерлердің кесірінен «тығырыққа тірелді»! Бұл туралы еліміздегі жалғыз тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің жаңа басшылығы мәлімдеді.**

«Әділдік үшін кезекке көпшілік кезексіз кіргісі келеді» деген сөз бар. Қалғандары соңынан «кінәліні» іздей бастайды. Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің басшылығы тұрғын үй депозиттерін басқаға беруді шектеу туралы шешім қабылдағалы бері көп уақыт өткен жоқ. Енді өзінің тұрғын үй құрылыс жинақ шарттарын тек жақын туыстарға (туған және асырап алған балалары, атасы, апасы, туған және немере аға-қарындастары және ерлі-зайыптылар) ғана беруге болады. Бағдарламаға қатысушы Банк клиенттері алаңдай бастады. Интернет-форумдарда және басқа әлеуметтік желілерде банк салымшылары бір-бірінен бұл жаңалықтың мәнін сұрап-білуге тырысып бағуда.

«Алаңдайтын ештеңесі жоқ», - дейді ҚТҚЖБ Басқарма Төрағасының орынбасары Қадырхан Баймұхамбетов. – «Шарттарды басқаға беруге қатысты өзгерістер үй сатып алуға өздігінен ақша жинап жатқандарға кесірін тигізбейді. Керісінше. Тұрғын үй кезегіне тәртіп енгізілетін болады.».

масының мүшелері, бұған назар аудармай тұра алмадық.

Бұл мәселені жан-жақты зерттей келе, біз «Шарттарды басқаға беруді шектеу» туралы құжат қабылдау туралы шешімге келдік. Мен бұл шараны қабылдау аса қажет болды деп есептеймін. Қалыптасқан жағдай мемлекеттік бағдарламаға нұқсан келтірді және оның қатысушыларының құқықтарын шектеді. Жақын туыстар арасында шартты беру – дұрыс, қалыпты жағдай, себебі отбасының баспана жағдайын жақсарту олардың ортақ мақсаты болып табылады. Мәселенің мұндай шешімі әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылады.

**Банктің бұл шешімін адамдар «көптен күткен шешім еді» десіп жүр. Неге мұндай шешім тек Бағдарлама қолданылып келе жатқан 10 жылдан кейін барып қабылданды?**

- Нақтырақ айтқанда, «Қолжетімді тұрғын үй–2020» бағдарламасы қолданыла бастағаннан 2,5 жылдан кейін. Аталған шешім 2012 жылғы шілдеде бекітілді. Баспа-

жинаған адам ғана ала алады. Бірақ мен асықпаған дұрыс дер едім. Егер кімде-кім уақытша ақша сала алмаса, бұл үшін ешқандай жаза қолданылмайды. Біраз кідіріс жасауға және біршама уақыттан кейін қайта жинауға болады. Тіпті болмағанда, шарт сомасын азайтуға, ақшаны және неғұрлым төмен мөлшерлеме бойынша тұрғын үй заемының сомасын алуға болады. Тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін Банк талаптары өте қолайлы. Бар болғаны өзіңіздің ұзақ мерзімді қажеттілігіңізді жоспарлауға, өз күш-жігеріңізге де, Банктің ақыл-кеңестеріне де сүйене білуге бастығу қажет. Сонда бәрі де ойдағыдай болады. Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесін біз ойлап тапқанымыз жоқ. Бұл – Германияның және көптеген басқа елдердің үздік әлемдік тәжірибесі. Біздің Банк дәл осы онды тәжірибені пайдаланады.

**Қазақстанда халықтың экономикалық белсенді бөлігінің 3,8%-ы – Банк клиенттері. «Қолжетімді тұрғын үй–2020» бағдарлама-**

**Неліктен Банк басшылығы тұрғын үй депозитін беруге болатын адамдар шеңберін шектеу туралы шешім қабылдады?**

- Себебі, істің мән-жайы біз ойлағаннан мүлде басқа арнаға ауып кетті. Шартты басқаға беру (сату – редактордың түсініктемесі) мүмкіндігі туған кезде, депозиттерді көпе-көрнеу сату белең алды. Ал шартпен бірге кезектегі орын да саудаға түсті. Және балл санау жүйесін ескерсек, сатылатындар соңғы орындар емес. Интернетте әлі күнге дейін «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің депозитін сатып аламын, мүмкіндігінше, құны жоғары болса» деген хабарландыруларды кездестіруге болады. Яғни, мұндай депозитті сатып ала отырып, адам пәтер алушылардың алғашқы кезегіне көтеріледі. Ал төмен пайызбен баспана сатып алсам деген үмітпен ұзақ уақыт бойы ақша жинағандар өзінен-өзі кейінге ысырылып қалады. Бір қызығы, мұндай алыпсатарлық мемлекеттік бағдарламада кеңінен таралған. Біреулер бірден бірнеше шарт жасайды да, кейіннен оларды қымбат сатуға тырысады. Басқалары ол шарттарды сатып алып, нарықтағыдан төмен бағада алғашқылар қатарында пәтер иесі атанып шыға келді. Содан кейін ол пәтерді мүлде басқа бағаға сатады.

**Ал, негізінен, салымшылар арасында тұрғын үй сатып алушылар пулы қалай құрастырылады? Шартты қолдан сатып алған клиенттер не себепті бірінші кезекке көтеріліп кетеді?**

- Пулдар нақты бір шарт бойынша жинақтау талабына сәйкес балл есептеу ұстанымы бойынша құрастырылады. Мұнда клиенттің ақша жинау уақытының ұзақтығы да, сондай-ақ жинақ сомасы да есепке алынады. Мұндай жағдайда, біреудің дайын шартын сатып алып, көп балл санына ие болу әлдеқайда пайдалы екендігі өзінен өзі түсінікті. Ал бұл дегеніңіз, өзіңе жақсы пәтер және кезектен жақсы орын сатып алу құқығына ие болу деген сөз. Осылайша, халықтың ең мұқтаж бөлігін баспанамен қамтамасыз ету мақсатында құрылған «Қолжетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасы бойынша шын мәнінде баспанаға зәру адамдарды кейінге ысырып, ауқатты адамдар бағдарламаның мұндай басымдықтарын пайдаланып кету мүмкіндігіне ие болды.

**Басқаша айтқанда, бағдарламаның әлеуметтік бағыты бұзылды ғой?**

- Дәл солай. Көпшілік жағдайларда, ұзақ уақыт бойы ақша жинаған адамдардың балл санынан бір немесе бірнеше шарт сатып алғандардың балл мөлшері артық болып шықты. Мұның әділетсіздік екеніне өзіңіз де келісетін шығарсыз.

**Бұл жағдайды кім және қашан анықтады? Кезектің бұзылуына немесе басқа да жағдайларға шағымданушылар болды ма?**

- Иә. Шағымданушылардың ең көп саны 2012 жылға сәйкес келеді. Бұл кезде елде тұрғын үй депозиттерінің «бейресми», стихиялы нарығы қалыптасты. Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің шарттары тек сауда-саттықтың ғана емес, алыпсатарлықтың да құралына айналды. Мен осыған дейін айтып кеткендей, депозиттерді сатып алу-сату туралы хабарландыруларды кез келген жерде кездестіруге болатын. Ал қалған салымшылардың өз мүдделерінің қалай шектеліп жатқандығын көріп, іштей ренжігеннен басқа амалдары болмады. Сондай-ақ бұл, Банктің негізгі идеясы – жинақтау мәдениетін дамытуға кері әсер етті.

**Бұған қалай да қарсы тұруға әрекет жасалды ма?**

- Иә. Мысалы, бір адамға берілуі мүмкін шарт саны шектелді. Ал 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап сатып алынған шарттар бойынша балл саны басқаша есептеле бастады. Оларды шарт ЖАСАЛҒАН СӘТТЕН БАСТАП ЕМЕС, САТЫП АЛЫНҒАН СӘТТЕН БАСТАП есептей бастады. Бірақ, бұл орын алған жағдайға ықпал ете алатын жартылай ғана шара еді. Біз, Банк Басқар-



на сатып алушылар пулын Банк 2011 жылғы сәуір айынан бастап құрастыра бастады, ол кезде әлі **2011-2014** жылдарға арналған тұрғын үй құрылысы бағдарламасы жүргізілген болатын. Сондықтан, бұл талаптар 10 жыл бойы емес, екі жарым жыл қолданылды десек, дұрыс болады.

**Депозитті 11 қарашаға дейін сатып алғандардың шарттары өз күшінде қала ма? Әлде олардың кезегі қайта қарала ма?**

- Құрастырылған пулдар бойынша кезектілік қайта қаралмайды. Яғни ол шарттар бойынша талаптар бұзылмаған. Сондай-ақ, басқаға берілген шарттар тек «Қолжетімді тұрғын үй» бағдарламасына қатысу үшін ғана пайдаланылған жоқ. Кейбіреулер оларды нарықта тұрғын үй сатып алуға заем алу үшін сатып алды.

**Тұрғын үй депозиттерін саудалауды жоюдан басқа, қабылданған шарадан тағы не күтуге болады?**

- Бұл, сөзсіз, банк филиалдарындағы кезекті азайтады. Шартты басқаға беру рәсімінің өзі күрделі мәселе. Олардың әр қалада тұратын клиенттер арасында жасалған жағдайлары да аз емес. Бұл екі елді мекенде тұратын адамдарға қызмет көрсетудің кешіктірілуіне алып келді. Себебі, шартты басқаға беру операциялары жүргізіліп жатқан кезде, қалғандары шарт жасау кезегін күтумен болады.

**Банк басшылығы шарттарды басқаға беруді шектеуге қатысты тәуекелдерді қарастырды ма? Бекітілген ережелерді айналып өтуге келгенде біздің адамдар алдына жан салмайтынын жақсы білеміз. Жалған неке, мысалы? Немесе тағы басқа.**

- Іс жалған некеге жете қоймайды деп ойлаймын. Тек адамдар жылдық 5% мөлшерлеме бойынша тұрғын үй заемын тезірек алудың және «Қолжетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасы бойынша ең көп балл санына қол жеткізудің тек БІР ҒАНА жолы бар екенін жақсы түсінетін болады. Ең қарапайым әдіс – тұрғын үй құрылыс жинақтарын ӨЗ БЕТІНШЕ жинау. Мүмкіндігінше, тұрақты ай сайынғы жарналар арқылы.

**Ал бұл шешімді сақтамауға қатысты қандай да бір қарсы әрекет көзделген бе? Шартты басқаға беруді тексеру, ережені бұзғаны үшін айыппұл санкциялары? Мүмкін мұндай жағдайларға арналған әкімшілік жазалар бар шығар?**

- Шартты басқаға беру әрекеттері тек Банкте іске асырылатындықтан, Банк шартты басқаға беру талаптарының бұзылуына жол бермейді.

**Әрі қарай төлей алмайтын, ал депозит беретін адамы жоқтар (немесе ешкімге бергісі келмейтіндер) не істейді? Олар өз ақшаларын қалай алады және қандай талаптарда?**

- Әрине, кез келген уақытта ақшаны алуға және шартты бұзуға болады. Банк сыйақысын да бірге алуға болады, ал мемлекет сыйлықақысын тек үш жылдан артық

**сына қатысты оларды тағы қандай жаңалықтар күтіп тұр?**

- Қазіргі уақытта Өңірлік даму министрлігінің (ӨДМ) қызметкерлерімен бірге біз мұндай пәтерлерге және бағдарлама талаптарына аса мұқтаж адамдарды нақты анықтауға мүмкіндік беретін өзгертулермен жұмыс жасап жатырмыз. Біздің клиенттерге қатысты айтатын болсақ, олардың барлығы бірдей қолжетімді баспана алуға келетіндер деуге болмайды. 2013 жылы, мысалы, Банк заемдарының шамамен 30%-ы түрлі мемлекеттік бағдарламалар бойынша баспана сатып алуға пайдаланылды. Ал заемдардың басым үлесі (2013 жылы берілгендердің 70%-ы) басқа мақсаттарға жұмсалады. Біреулерге ақша қайталама нарықта пәтер сатып алуға, біреулерге үй салуға не жөндеу жүргізуге керек. Енді біреулер ақшаны басқа банктердегі ипотеканы жабу үшін алады. Және біз дәл осы бағытты – Банк заемдарын тұрғын үй жағдайларын жақсартудың түрлі мақсаттарына пайдалануды - жоспарлап отырмыз. Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіне қатысты айтатын болсақ, бұл жүйе өзін танытып үлгерді. Біріншіден, үлескерлермен болған жағдайдағы сияқты, Банк салымшыларының ешқайсысы зиян шеккен жоқ. Екіншіден, салынған үйлер үшін ақыны толығымен әкімдіктер алады. Содан кейін бұл ақшаға мүлде басқа салымшылар үшін жаңа үйлер салынады және ол үйлерді сатудың қиынға түсетін тәуекелі жоқ. Жалпы алғанда, тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің нәтижелі әрі ыңғайлы екендігіне барлық адамдардың көзі жетті. Бұны өзара серіктестіктің шын мәнінде жұмыс істейтін, «жанды» әдісі деп айтуға болады.

**Банктің жаңа басшылығының жоспарлары қандай?**

Банктің Директорлар кеңесінің төрағасы Қуандық Бішімбаевтың тапсырмасы бойынша, қазіргі уақытта біз белсенді түрде қызмет көрсету сапасын көтеруге бағытталған шараларды қарастырып жатырмыз. Бұл бөлімшелердегі кезекті жою, тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіне қатысушылар үшін барлық үрдістердің ашықтығын қамтамасыз ету. Сондай-ақ қашықтан қызмет көрсетудің заманауи әдістерін енгізсек дейміз. Біз жоспарлап отырған барлық шаралар біздің клиенттеріміздің – Қазақстан азаматтарының алдында Банк беделін түбегейлі өзгертуі тиіс. Бұл – Банктің жаңа менеджменті үшін бірінші кезектегі міндет және ол «Бәйтерек» басқару холдингінің қатаң бақылауында тұр. Бірқатар шаралар қабылданып қойды, ал көпшілігі белсенді талқылау үстінде. Бізге белгілі бір уақыт қажет, дегенмен біз айтарлықтай қысқа мерзім ішінде де онды нәтижелерге қол жеткізуге тырысамыз.

**Ақпарат жетіспеушілігінен әлеуметтік желілерде дүрліккен адамдарға тағы не айта аласыз?**

Біздің өз клиенттерімізге жақын болғымыз келетінін айтқым келеді, себебі біз олардың барлық шағымдары мен ұсыныстарын мұқият зерттейміз. Басқарманың барлық мүшелері апта сайын клиенттерді қабылдайды. Бұдан басқа, Банктің ресми сайтында олардың блогын ашу жоспарлануда. Міне, сондықтан да, Сіздердің барлық ұсыныстарыңыз бен сауалдарыңыз ескерусіз қалмайтынына сеніңіздер. Сіздердің пікірлеріңіз біздің жұмысымызды жақсарту үшін қажет.

**Жақын арада жеке меншік құрылыс компаниялары да қазақстандықтар үшін қолжетімді баспана сала бастауы мүмкін. Бұл мәселе қазір қарастырылу үстінде. «Қалай болған күнде де, бәрі де бақылауда, - деп сендірді бізді Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің басшылығы. Бағдарлама табысты дами береді, ал «Соңы кім?» деген дәстүрлі сұрақ ауыспалы мағынада емес, тек кәдімгі кезекте қойылатын болады.**

Әңгімелескен **Мира КАРИМОВА.**

**Қосымша ақпараттарды «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның аймақтық филиалынан ала аласыздар. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, 4-ші күрделіленген орам, №1 үй, тел.:26-26-64, 27-05-02 немесе www.hcsbk.kz сайтында.**

**Call-centre: 8-800-080-1880 (қоңырау шалу тегін)**

## ҚҰТТЫҚТАУ



*Арал ауданы, Қарақұм ауылының тұрғыны, аяулы жар, абзал ана - Дүйсенбаева Бақтылыны биыл толып отырған 60 жасымен құттықтаймыз! Өмір өткелдерінен сүрінбей өтіп, ортамызда күліп-ойнап жүре беріңіз! Бүгінде алпыстың асқарынан асып отырған басыңызға, тағдыр қосқан қосағыңызбен бірге жүздің желкесін басуды жазғай! Жан тыныштығы мен денсаулық тілейміз!*



**Құттықтаушылар: жолдасы Сарқытбай;**
**балалары: Лида, Нұркен, Бану, Азамат;**
**келіндері: Гүлнұр, Лаура;**
**күйеу балалары: Жандос, Дамир**
**және немерелері.**

## Зейнетақы жинақтарыңызды бақылауда ұстаңыздар

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры жылдың қорытындысы бойынша өзінің салымшыларына (алушыларына) оның зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабардар етуге міндетті. Сонымен қатар, зейнетақы заңнамасына сәйкес салымшылар БЖЗҚ-ға хабарландыру бойынша міндеттемелерді орындауға ықпал ететін, барлық өзгерістер туралы хабарлауға міндетті. Әңгіме қандай өзгерістер туралы?**

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының салымшылары және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан алушылар бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының міндеттемелерін орындауға әсер ететін өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына осындай барлық өзгерістер туралы хабарлауға міндетті («ҚР зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 39-бабы, 4-тармағының 1)-тармақшасы).

Осындай өзгерістерге:

- егер зейнетақы жинақтары туралы хабарландыру тәсілі «электрондық поштамен (e–mail)» таңдалған жағдайда, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттағы не хабардар ету тәсілін өзгерту/белгілеу туралы келісімдегі көрсетілген электрондық мекенжайдың өзгеруі;
- егер «почтамен» зейнетақы жинақтары туралы хабарландыру тәсілі таңдалған жағдайда, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттағы почталық мекенжайдың өзгеруі жатады.

Салымшы почталық мекенжайының өзгергені туралы БЖЗҚ офисіне өзі келіп, өтініш білдіріп немесе тегін, атын, әкесінің атын, туылған күнін жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) көрсете отырып, жеке куәлігінің көшірмесін міндетті түрде қоса беріп, почта байланысының қызметі арқылы хабарлауына болады. Салымшы электрондық мекенжайдың ауысқаны туралы ақпаратты тек қана БЖЗҚ-ға өзі келіп, хабарлауы қажет.

**Салымшы (алушы) өзінің жеке зейнетақы шотының (ЖЗШ) жай-күйі туралы ақпаратты алудың бұрын өзі таңдаған тәсілін өзгерте ала ма?**

Егер бұрын зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта хабарландыру тәсілі белгіленбеген болса, салымшы хабарландыру тәсілін БЖЗҚ-ға өзі келіп, өзгертуіне немесе таңдауына болады. Бұл үшін оған БЖЗҚ-мен хабарландыру тәсілін өзгерту/анықтау туралы келісім жасасу қажет. Бұл ретте салымшы зейнетақы жинақтары туралы хабарландырудың мынадай тәсілдерінің бірін таңдауына болады:

1) электрондық – салымшының (алушының) электрондық мекенжайына (e–mail) хабарлама жіберу;

2) салымшының тікелей БЖЗҚ-ға өзі келіп, өтініш беру;

3) салымшының (алушының) логин мен парольді пайдалана отырып, интернет байланысы арқылы өзі өтініш беру;

4) халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы.

**Хабарландыру тәсілін ауыстыру үшін салымшының (алушының) өзімен бірге қандай құжаттары болуы тиіс?**

Хабарландыру тәсілін өзгерту/анықтау туралы келісім жасасу үшін салымшыға (алушыға) өзімен бірге міндетті түрде ЖСН көрсетілген жеке басын куәландыратын құжаты болуы тиіс.

**ХҚО арқылы ЖЗШ-дан үзінді-көшірмелерді қалай алуға болады?**

Салымшы (алушы) сондай-ақ өзінің зейнетақы жинақтары туралы ақпаратты жазбаша өтінішімен халыққа қызмет көрсету орталығына барып ала алады. Осы өтініштің негізінде ХҚО БЖЗҚ-ға сұрату жолдайды. Өз кезегінде БЖЗҚ өтініш берген салымшының зейнетақы жинақтары туралы ақпаратты ХҚО-ға жібереді. Осыдан кейін салымшы (алушы) ХҚО-да өзінің ЖЗШ-дан үзінді-көшірмесін ала алады.

Сонымен қатар, «халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы» ЖЗШ-дан үзінді-көшірме алу және ХҚО арқылы салымшылардың (алушылардың) шоттары бойынша айналым ведомосін алу әртүрлі іс-әрекеттер екендігін есте сақтағанымыз жөн. Бірінші жағдайда әңгіме салымшының (алушының) инвестициялық кірісті қоса алғанда, зейнетақы жинақтары туралы ақпаратты, яғни ЖЗШ-дан үзінді-көшірме алу туралы. Екінші жағдайда – ХҚО-да салымшы (алушы) инвестициялық кіріс туралы мәліметтер көзделмейтін, салымшылардың түсімі және ақша қозғалысы туралы ақпаратты (салымшының транзиттік шоттары бойынша айналымдары) алу. Бұл ретте салымшы транзиттік шоттар бойынша айналымдарды Қорға өтініш білдірмей-ақ ХҚО-да алуына болады, өйткені бұл ақпарат ЗТМО ААЖ-дан біріктіріледі.

**Зейнетақы активтері БЖЗҚ-ға берілген қорлардың салымшылары өздерінің зейнетақы жинақтары туралы ақпаратты қандай тәсілмен ала алады?**

Әрбір салымшы БЖЗҚ-ға зейнетақы активтері аударылғаннан кейін оның алдыңғы қормен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасасу кезінде, ол бұрын таңдаған тәсіл түрімен өзінің жеке зейнетақы шотынан ақпарат ала алады.

БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты беру тәсілі туралы мәліметтер жоқ болған жағдайда, немесе, егер «төлем карточкасы арқылы» тәсілімен белгіленген болса, өткен жылға зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат салымшының (алушының) тікелей БЖЗҚ-ға өзі келіп өтініш берген кезде беріледі.

**БЖЗҚ салымшыларға жеке зейнетақы шотының (ЖЗШ) жай-күйі туралы ақпаратты қандай жағдайларда бере алмайды?**

БЖЗҚ мынадай:

1) ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жеке зейнетақы шотында ақша болмаған;

2) салымшы (алушы) БЖЗҚ-ны «адресат көрсетілген мекенжай бойынша тұрмайды» деген белгімен өткен жылдағы зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпараттың БЖЗҚ-ға қайтарылуы нәтижесінде белгіленген тұрғылықты жерінің өзгергені туралы хабарламаған жағдайларда салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы жыл сайынғы міндетті хабардар етуді жүзеге асырмайды.

**БЖЗҚ-ға активтері әлі берілмеген, жинақтаушы зейнетақы қорларының салымшыларына жыл сайынғы хабарландыру аясында ақпаратты кім және қандай тәсілмен береді?**

БЖЗҚ-ға зейнетақы активтерін аударған кезге дейін салымшыны оның зейнетақы жинақтары туралы қолданыстағы шартта белгіленген тәсілмен, салымшы зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жинақтаушы зейнетақы қоры хабардар етеді.


қолдауымен

«АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ

**Әрбір ауданда құрылған кредиттік серіктестіктер келесі бағыт бойынша несие береді:**



1. «Сыбаға» бағдарламасы;
2. «Жедел-несие» кепілсіз несиелеу;
3. Егін шаруашылығын несиелеу;
4. Мал шаруашылығын несиелеу;
5. Ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді несиелеу;
6. Ауыл шаруашылығына жатпайтын кәсіп түрін несиелеу.

www.agrocredit.kz
Call Center - 8-800-080-70-80
(Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін)






**Құрметті қызылордалықтар және қала қонақтары!**

*«ҚазГерМұнай» біріккен кәсіпорны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан Сіздерді ұлтымыздың ұлық мерекесі Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Халқымызға ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздікті тәу ететін бұл күн әрбір қазақстандық үшін қастерлі мереке. Егемендіктің таңы атқалы бүгінге дейін, арадағы 22 жыл ішінде Қазақ елі тәуелсіз мемлекет құру жолында, дүниежүзінің алпауыт мемлекеттерімен иық тірестіріп, әлемдік қоғамдастықта ойып тұрып орын алуда орасан зор табыстарға қол жеткізді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің сарабдал саясаты мен табанды еңбегінің нәтижесінде Қазақстан халықаралық аренада үлкен беделге ие болды. Баянды болашақтың кілті бірлік пен еңбекте деп білетін халқымыз ұлтаралық татулықты ту етіп, ынтымағы жарасқан жұртымыз келешектің кемел болуы үшін бір отбасының баласындай жұмылуда. Көпұлтты мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі, тәуелсіздігімізді тұғырлы ету үшін баршамыз өз үлесімізді қосайық. Сіздерге зор денсаулық, амандық, бейбіт өмір мен береке-бірлік тілейміз! Қазақ елінің тәуелсіздігі баянды болғай!*



Ізгі тілекпен,
«ҚазГерМұнай» біріккен кәсіпорны»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры — М.С.Кәрім

«ҚазГерМұнай» біріккен кәсіпорны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
бас директорының бірінші орынбасары — Юй Чжицин

ЕНПФ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

*Құрметті салымшылар!*

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтайды! Отанымызды әрқашанда бейбітшілік пен ынтымақтастық мекен етсін! Алдымызда қойған жоспарларымыз әрдайым жүзеге аса берсін! Сіздерге денсаулық пен бақыт тілейміз, құрметті отандастар!

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, «БЖЗҚ» АҚ зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді қабылдау-өткізу үрдісінің бекітілген кестеге сәйкес жүзеге асырылып жатқанын хабарлайды. Салымшылардың зейнетақы жинақтары олардың жеке зейнетақы шоттарына толық көлемде аударылуда.

10 желтоқсандағы жағдай бойынша БЖЗҚ-ға «Республика» ЖЗҚ» АҚ, «Отан» АЖЗҚ» АҚ «Капитал» ЖЗҚ» АҚ сияқты үш ЖЗҚ салымшылары қосылып үлгерді. Ағымдағы жылдың соңына дейін БЖЗҚ-ға «Атамекен» ЖЗҚ» АҚ активтері берілмек.

*Құрметпен,*
*«БЖЗҚ» АҚ ұжымы*




## «БОЛАШАҚ» МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

**төмендегі лауазымды қызметке конкурс жариялайды**

«Болашақ» медициналық колледжі мекемесі *(мемлекеттік лицензия 13013629)* **директорлық** бос лауазым орынға конкурс жариялайды.

**Қойылатын талаптар – директорлық** қызметіне қатысушылардың ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары» бұйрығына сәйкес болуы керек.

**Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын қажетті құжаттардың тізбесі:**

1) Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2) Кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс-парағы;
3) Еркін нысанда баяндалған өмірбаяны;
4) Білім туралы құжаттардың көшірмелері;
5) Еңбек кітапшасының көшірмесі;
6) 3х4 көлемдегі суреті.

Конкурсқа қатысушы біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты ұсына алады.

**Директор: жалақысы - 200 000 теңге.**

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекен-жайға хабарласып, жіберуге болады: **120000 Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 31а, «Болашақ» университеті, тел./факс – 8 (7242) 23-45-15, 20-22-72 E-mail: bolashak_5@mail.ru**

## «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ

**төмендегі лауазымды қызметтерге конкурс жариялайды**

«Болашақ» университеті 2013 жылы аккредитациядан өткен (мемлекеттік лицензия АБ 0137438), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 14 желтоқсандағы №635 Ережесі негізінде **факультет декандары, кафедра меңгерушілері және кадр бөлімі** қызметтеріне конкурс жариялайды.

**Факультет деканы лауазымына:**
**1. Құқық, бизнес және ақпараттық технологиялар факультеті;**
**2. Мұнай, құрылыс және жаратылыстану факультеті.**

**Кафедра меңгерушілігі лауазымына:**
**1. Биология, география және спорт кафедрасы;**
**2. Мектепке дейінгі және бастауышты оқытудың педагогикасы мен әдістемесі, бастапқы әскери дайындық кафедрасы.**

**Қойылатын талаптар –** декан, кафедра меңгерушісі қызметтеріне қатысушылардың ғылыми дәрежесі мен атағының, педагогикалық, басшылық қызметтердегі тәжірибесі 5 жылдан кем емес және ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары» бұйрығына сәйкес болуы керек.

**Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын қажетті құжаттардың тізбесі:**

1) Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2) Кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс-парағы;
3) Еркін нысанда баяндалған өмірбаяны;
4) Білім туралы құжаттардың көшірмелері;
5) Еңбек кітапшасының көшірмесі;
6) 3х4 көлемдегі суреті.

Конкурсқа қатысушы біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты ұсына алады.

Университет жалақы белгілеуде **«Білікті ұстазға – берекелі жалақы»** қағидасын ұстанады.

| | | Ғылым докторы, профессор | Ғылым кандидаты, доцент, PhD докторы |
|---|---|---|---|
| 1 | Факультет деканы | 260 000 | 230 000 |
| 2 | Кафедра меңгерушісі | 250 000 | 220 000 |

***Ескерту:** Лауазымдық айлық жалақы ғылыми дәрежесі үшін төленетін қосымшамен экологиялық коэффициент қосып есептелген.*

Кадр бөлімі қызметкерінің жалақысы штаттық кестеге сәйкес төленеді.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекен-жайға хабарласып, жіберуге болады: **Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 31 а, «Болашақ» университеті, тел./факс– 8(7242) 23-45-15, 20-22-72 E-mail: bolashak_5@mail.ru**

# ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

**Арал ауданы әкімі аппараты әкімшілік мемлекеттік қызметтегі бос тұрған лауазымға конкурс жариялайды.**

**Арал аудандық білім бөлімінің басшысы (E-R-1).**

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 109548 теңгеден 147985 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Функционалдық міндеттері:**

Қазақстан Республикасы Заңдары, ҚР Президентінің Жарлықтары, ҚР Үкіметінің қаулылары, облыс және аудан әкімдерінің қаулылары, шешімдері мен өкімдерінің, тапсырмаларының, бақылауда тұрған құжаттардың орындалуын қамтамасыз етеді. Аудан әкімі, аудан әкімінің орынбасарлары, аппарат жетекшісі тапсырмаларын орындайды. Облыстық білім басқармасы мен аудан әкімі аппараты тарапынан сұратылған ақпараттар бойынша жұмыс жасайды және орындалуын қамтамасыз етеді. Білім саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бағытында бөлімнің жұмысын ұйымдастырады. Мемлекеттік білім беру стандартының сақталуына бақылауды ұйымдастырады. Ауданның білім жүйесінің дамуы мен жұмыс істеуіне негізделген жергілікті басты құжаттарды жасауға, білім саласы мәселелеріне қатысты құжаттарды жүзеге асыру жұмыстарына басшылық жасайды.

Бөлімнің қаржылық, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жағдайына және жұмыстарына жалпы басшылық жасайды. Бөлім мамандарының жұмысын басқару, оларға бұйрықтар, нұсқаулар беру, жалпы жұмысын бақылау, аудан әкімдігінің мәжілісіне қажетті құжаттар әзірлеу. Аудан бойынша білім саласына байланысты жұмыстарды үйлестіру.

Білім мекемелерінің қаржылық, материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары, кадрлық мәселелер бойынша, марапаттау мәселелері, аттестациялау комиссиясының жұмысына басшылық, азаматтарды қабылдау жасайды, арыз-шағымдармен жұмыс жасайды.

**Үміткерлерге қойылатын талаптар:**

Жоғары педагогикалық білім.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес;
2) жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;
3) ғылыми дәрежесінің болуы;
4) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;
5) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

**Конкурс** «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылдың 20 наурызында №8380 болып тіркелді).

**Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар Арал ауданы әкімі аппаратына келесі құжаттарды тапсырады:**

1) Өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;
2) 3х4 үлгідегі суретпен қоса өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған анкета;
3) Білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
4) Еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
7) Құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған жағдайларда осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілерімен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

**Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар** оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде Арал ауданы әкімі аппаратының ғимаратында 120100, Қызылорда облысы, Арал қаласы, Мектеп көшесі №33 үй мекенжайы бойынша өтеді. Конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілгеннен соң 2 жұмыс күні ішінде өткізіледі.

**Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар** аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған күннен бастап 10 жұмыс күн аралығында мына мекен-жайда қабылданады:

**120100, Қызылорда облысы, Арал қаласы, Мектеп көшесі №33 үй, 24-бөлме. Анықтама телефондары: (8-724-33) 2-11-62, 2-22-33.**

Аталмыш лауазымдарға үміткерлер үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

***

**Арал ауданы әкімі аппараты әкімшілік мемлекеттік қызметтегі бос тұрған лауазымға конкурс жариялайды.**

**Арал ауданы әкімі аппараты ұйымдастыру және инспекторлық жұмыстары бөлімінің бас маманы (Е-4). (төтенше жағдайлар жөніндегі).**

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 59578 теңгеден 80719 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Функционалдық міндеттері:**

Қазақстан Республикасы Заңдары, ҚР Президентінің Жарлықтары, ҚР Үкіметінің қаулылары, облыс және аудан әкімдерінің қаулылары, шешімдері мен өкімдерінің, тапсырмаларының, бақылауда тұрған құжаттардың орындалуын қамтамасыз етеді. Облыс әкімі аппаратынан сұратылған жедел ақпараттар бойынша жұмыс жасайды. Аудан әкімі аппаратында өткізілетін мемлекеттік сатып алу конкурстарын (тендер) жұмыстарын ұйымдастырады, тиісті құжаттарын әзірлейді. Күрделі құрылыс, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, байланыс, энергетика, сауда және коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары мен мекемелері, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды үйлестіреді.

Арыз-шағымдармен жұмыс жасайды. Аудан әкімінің орынбасары (санаты Е-1 (№02-1) бақылауында тұрған бағдарламалардың, жоғарғы органдар арқылы келген нормативтік актілер мен аудан әкімдігінің қаулыларының орындалуына және жеке қабылдауда болған азаматтардың карточкалары бойынша жұмыс жүргізеді, бақылауға алады. Аудан орталығындағы күрделі және орта кәсіпорындар, мемлекеттік мекемелермен жұмыс жүргізеді. Аудан әкімінің жұмыс кестесін әзірлейді. Аудан әкімінің, оның орынбасарларының, аппарат басшысы мен бөлім басшысының тапсырмаларын орындайды.

Әкімдік, тұрақты кеңес мәжілістерінің күн тәртібі мен материалдарын дайындауға қатысады. Селекторлық мәжілістер мен аудан әкімінің тұрақты кеңесіне тиісті адамдардың шақырылуын ұйымдастырады. Аудан көлемінде төтенше оқиғалардың алдын алу, жою шараларын ұйымдастырады. Азаматтық қорғаныс, жұмылдыру жұмыстарын үйлестіреді. Аудан көлемінде әскерге шақыруға, әскери есепке алуға байланысты жұмыстарды, шекара қызметі және өрт сөндіру жұмыстарын үйлестіреді, аудан әкімі аппаратындағы әскери есепке алу жұмыстарын жүргізеді. Аудан әкімі жанындағы төтенше жағдайлардың алдын алу, су тасқыны, тіршілікті қамтамасыз ететін нысандардың жылу жүйелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялардың жұмысын жүргізеді. Аппараттың құпия құжаттарымен жұмыс жасайды. Аудан әкімі аппаратындағы мәдени іс-шараларға белсене қатысып, өзіне жүктелген жұмыстарды орындау.

**Үміткерлерге қойылатын талаптар:**

Жоғары техникалық немесе заңгерлік білім.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес, не осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі техникалық немесе заңгерлік білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

**Конкурс** «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылдың 20 наурызында №8380 болып тіркелді).

**Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар Арал ауданы әкімі аппаратына келесі құжаттарды тапсырады:**

1) Өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;
2) 3х4 үлгідегі суретпен қоса өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған анкета;
3) Білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
4) Еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
7) Құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған жағдайларда осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілерімен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

**Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар** оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде Арал ауданы әкімі аппаратының ғимаратында 120100, Қызылорда облысы, Арал қаласы, Мектеп көшесі №33 үй мекенжайы бойынша өтеді. Конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілгеннен соң 2 жұмыс күні ішінде өткізіледі.

**Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар** аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған күннен бастап 10 жұмыс күн аралығында мына мекен-жайда қабылданады:

**120100, Қызылорда облысы, Арал қаласы, Мектеп көшесі №33 үй, 24-бөлме. Анықтама телефондары: (8-724-33) 2-11-62, 2-22-33.**

Аталмыш лауазымдарға үміткерлер үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

**Арал ауданы әкімі аппаратының конкурстық комиссиясы.**

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17
Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *"АҚ"-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж
Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж
Таралымы 21085
Тапсырыс № 30